

КАРАНТИН

**ӨМІРІМІЗДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ?**

5-БЕТТЕ




ДЕНСАУЛЫҚ

**ОЙДА ЖҮРГЕН ОН САУАЛ**

6-БЕТТЕ



ШАРТАРАП

**ІНДЕТТІ ҚАЛАЙ АУЫЗДЫҚТАЙМЫЗ?**

8-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Nur-Sultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

ASTANA AQSHAMY

30 жыл ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ!

№86 (4055) | Бейсенбі | 23 шілде 2020 жыл



# БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ, АХУАЛ ТҰРАҚТАЛДЫ

**Өзге өңірлермен салыстырғанда, елордадағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тез тұрақталды. Қала басшылығының оң, жедел іс-әрекеттерінің нәтижесінде індетке шалдыққан 8 619 адамның 5 511-і, яғни, 62,3 пайызы сауығып шықты. Жуырда Үкімет отырысында бас қаладағы ахуалдың жақсара бастағанын баяндаған әкім Алтай Көлгінов алапат аурумен күрестің егжей-тегжейін түсіндіріп берді.**

2

## #АНАШЫММАСКАТАҚТЫҢЫЗБА?

Елімізде республикалық #АнашымМаскаТақтыңызБа? челленджі басталды. Челленджің бастамашысы – «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Динара Сәдуақасова. Ол барлық қазақстандықтарды осы челленджді қолдауға шақырды.

Сонымен қатар, челленджді жасұландықтар және Ержан Максим, Аминка-Витаминка, Данэлия Тулешова, Адина-Мадина сияқты дарынды балалар қолдап жатыр. Челленджің негізгі мақсаты – аналарымыз бен жақындарымызға қамқор болу. Оған қатысу үшін маска киген анаңызбен бірге түскен суретті немесе бейнежазбаны әлеуметтік желілерге жариялап, #АнашымМаскаТақтыңызБа хештегін қойып, @jasulan_qz парақшасын белгілеу қажет.

## ҚҰРБАНДЫҚ ШАРАСЫ – ОНЛАЙН

**Биыл Құрбан айт 31 шілдеге түсіп тұр.**

Карантин тәртібі 2 тамызға дейін созылатындықтан, айт намазы мешіттерде оқылмайды. Алайда қазақстандықтар Құрбан айтта құрбандық малын қашықтан тапсырыс беру арқылы шала алады. Құрбандық малын 31 шілдеде таңнан үш күн бойы күн батқанға дейін шалуға болады. Осы мақсатта Qurban2020.muftyat.kz сайты іске қосылады. Сайт арқылы қазақстандықтар ешқайда бармай құрбандық шалуға онлайн тапсырыс бере алады.



№86 (4055) 23 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ, АХУАЛ ТҰРАҚТАЛДЫ



**Бас қалада қатаң карантин шараларын енгізу нәтижесінде эпидемиологиялық ахуал тұрақталды. Бұл туралы Үкімет отырысында елорда әкімі Алтай Көлгінов баяндады. Бүгінге дейін індет жұқтырғандар саны 8619 адам болса, соның ішінде 5 511-і немесе 62,3 пайызы сауығып шыққан. Өкінішке қарай, 212 адам көз жұмды. Қазіргі кезде 2 262 адам стационарларда ем-дом қабылдауда. Жағымды жаңалықтың бірі, ауыр халдегі науқастардың саны 30 пайызға (барлығы 145 адам) азайды.**

Төлен ТІЛЕУБАЙ



### ТОМОГРАФТАР ТӘУЛІК БОЙЫ ТЕКСЕРЕДІ

Қала басшысы «ауруханаларда науқастарға орын жоқ» деген сауалға ашық жауап берді. Нұр-Сұлтандағы инфекциялық және провизорлық стационарлардың саны 3-тен 16-ға дейін, яғни, 3911 төсекорынға артқан. Резервте 1 мыңға жуық орын бар. «Егер карантин басталған кезде күніне 300 тест жасайтын 1 ғана зертхана болса, қазіргі кезде жобалық мүмкіндігі күніне 5 мыңға жуық тест жасайтын 9 зертхана жұмыс істейді. Жалпы осы уақытқа дейін 270 мыңға жуық ПЦР-тест жасалды» деп мәлімдеді Алтай Көлгінов.

Елорда әкімдігі науқастарға қосымша 300 оттегі концентраторын, 150 флуометр сатып алған. Бұдан бөлек, шілде айының соңына дейін: 500 арнайы жабдықталған кереуеттер, 100 жасанды өкпе желдеткіші, 264 оттегі концентраторы, 350 бірлік флуометр сатып алынып, қосымша 3 оттегі резервуары орнатылады. Сондай-ақ 100 мың дана жеке қорғану заттары, 2 компьютерлік томограф пайдалануға беріледі. Ресми ақпарат бойынша, қаладағы 17 медициналық ұйымдарда компьютерлік томографтар мен рентген аппараттар бар. Маусым-шілде айларында 20 мыңнан астам адам тексеруден өтіпті. 21 шілдеден бастап компьютерлік томографтар арқылы елорда тұрғындарын тәулік бойы тексеру жүргізілуде.

### МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Індетпен күресуде науқастарға дер кезінде көмек беретін жедел жәрдем мен білікті дәрігерлерге деген сұраныс артқаны мәлім. Осы орайда жедел жәрдем станциясының базасында науқастардың ағынан біркелкі бөлу үшін Ахуалдық орталық құрылды. Бүгінге дейін 923 адам осы орталықтың көмегіне жүгініп, соның ішінде 622-і ауруханаға жатқызылса, 301-і амбулаториялық емдеуге жіберілген. Ал қатаң карантин кезінде жедел жәрдем бригадаларының саны 110-нан 160-қа дейін көбейді. Алтай Көлгінов елордадағы колледждерден 275 маман емханаларға жұмысқа орналасқанын айтты. «Науқастармен жұмыс істеуге Медициналық университеттен 300 студент жұмылдырылды. Олардың 71-і жұмысқа кірісті. Жалпы алғанда, оқу орындарынан 500-ден астам жас медициналық мамандар тарттық. Оларға елордалық дәрігерлермен бірдей еңбек және демалыс жағдайы қарастырылған» деп түсіндірді қала басшысы.

### ІНДЕТТЕН САУЫҚҚАНДАР САНЫ 2 ЕСЕГЕ АРТТЫ

Індетпен күрестегі басты ұстаным – жеделдік. Осы мақсатта қала басшылығы жеке колл-орталық пен Дамумед мобильді қосымшасын іске қосты. Мәселен, қазір кез келген тұрғын қаладағы 31 емханадан онлайн-кеңес алуға мүмкіндігі бар. Бұған қоса, қосымша Telegram-Bot@ns103bot-тың қызметін пайдаланып, жедел жәрдем көлігіне өтініш беруге болады. Бұл жерге тәулігіне орташа есеппен 150-200 өтініш келіп түседі. Індетке және онымен күресу бағытында жүргізілетін жұмыстарға қатысты барлық ресми ақпарат covid19.astana.kz порталында орналастырылады. Қазіргі кезде сайтты қолданушылар саны 20 мыңнан асты.

Елорда әкімінің айтуынша, карантин енгізілгеннен кезден бастап індет бойынша ахуалдың салыстырмалы тұрғыда тұрақтана бастағаны байқалуда. «Мысалға, жедел жәрдем көмегіне жүгінушілер саны тәулігіне 4300-ден 2000-ға дейін азайды. Екіншіден, шақырулар саны тәулігіне 3000-нан 1400-ге дейін төмендеді. COVID-19-бен байланысы бар шақырулар саны бойынша тәулігіне 500-ден 175-ке дейін кеміді. Бұған қоса, стационарлардың жүктемесі 99 пайыздан 57 пайызға дейін қысқарып, стационардағы індет жұқтырғаны расталған емдеуге жатқызылғандардың саны 32 пайызға төмендеді. Сондай-ақ ауруханаға жатқызылған науқастардың саны 2 есеге азайғаны байқалады және ол шамамен 200-250 адамды құрайды, ал сауығып шыққандар саны 2 есеге (400-ге жуық адамды құрайды) артты» деді А.Көлгінов.

## ҚОСЫМША ҚҰРЫЛДЫ

1. ЖЕКЕ КОЛЛ-ОРТАЛЫҚТАР — ТӘУЛІГІНЕ 500 ҚОҢЫРАУ
2. DAMUMED ҚОСЫМШАСЫ — БЕЙНЕ-КЕҢЕС 31 ПСМП
3. ТЕЛЕГРАМ-БОТ @NS103 — ТӘУЛІГІНЕ 150-200 ӨТІНІШ
4. ПОРТАЛ COVID -19 ASTANA KZ — 20 МЫҢ ҚАРАЛЫМ




БЕЙНЕ ҚОҢЫРАУ ФОРМАТЫНДАҒЫ КЕҢЕСТЕР



## АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ

НАУҚАСТАРҒА АРНАЛҒАН БОС ОРЫНДАРДЫ БАҚЫЛАУ

**22 МАУСЫМНАН БАСТАП 1204 АДАМ КЕЛГЕН**
- 901-І ЖАТҚЫЗЫЛҒАН
- 303-І АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ЕМДЕУГЕ ЖІБЕРІЛГЕН



### ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕН ТАПШЫЛЫҚ ТУЫНДАМАЙДЫ

Қазіргі кезде елордадағы ауруханаларда пневмониямен ауырған 903 (1348 болған) адам ем-дом алуда. Карантин басталған кезден бері бас қалада пневмониядан емделушілер саны 33 пайызға азайды. Сонымен қатар, пневмонияның анықталуы 35 пайызға артты, бұл науқастарды амбулаториялық кезеңде емдеуге және стационарларға жүктемені азайтуға көмектескен.

Алтай Көлгінов елордадағы дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бағытындағы Үкіметтің қолдауымен және Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп атқарылған нақты шараларды тілге тиек етті. Әкімдік дәріханалық желілердің дистрибьютерлеріне логистика, дәрі-дәрмектерді сатып алу және қалаға жеткізу рәсімдерін жеңілдетуге қолдау көрсетуде. Сондай-ақ дистрибьютерлерге дәрілерді сатып алу үшін айналымға қаражат бөлінеді.

«12 шілдеден бастап елордаға Түркия, Ресей, Үндістан және басқа да елдерден сұранысқа ие фармакологиялық топтарға кіретін (вирусқа қарсы, антибактериалды терапия, антикоагулянттар) 80 тоннадан астам медициналық препараттардың 2 миллион қаптамасы жеткізілді. 21-22 шілдеде қажетті дәрі-дәрмектер тиелген Ресейден 2 борт және Белоруссиядан 1 борт келеді. Дәрі-дәрмектер дәріханалардың ірі желілеріне теңдей бөлініп жеткізілді (Феникс, Гиппократ, Цветная, Максим Фарм, жеке, Медилаб, Салауат, А-Фарма). Бұл жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі» деп түсіндірді қала басшысы. Сондай-ақ стационарларда дәрі-дәрмектердің артық қоры (10 күнге жететін вирусқа қарсы препараттар; 20 күнге жететін антибиотиктер; 10 күнге жететін дене қызуын түсіретін препараттар; 10 күнге жететін антикоагулянттар) бары айтылды. «СК-Фармация» ЖШС бір айлық қажеттілікті қамтамасыз етеді.

### АЛАЯҚТАР ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАДЫ

Әлеуметтік желілерде орналастырылған хабарландыруларға мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды заңсыз қайта сатуының 41 фактісі және дәріханаларда дәрілік препараттарды жоғары бағамен (ДЭР-14, ДП-8), сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік препараттарды сатудың 22 фактісі анықталды.

Барлығы айналымнан жалпы сомасы 18 млн теңгеден астам дәрілік және өзге де медициналық құралдардың 5 мыңға жуық қаптамасы тәркіленді. Сонымен қатар, арнайы құрылған мобильді топтар карантиндік тәртіптің сақталуына мониторинг жүргізуді жалғастыруда. 5 шілдеден бастап 170 құқық бұзушылық анықталды, олардың барлығына заңға сәйкес шаралар қабылдануда. Полиция еріктілермен бірлесіп парктерде және басқа да қоғамдық орындарда рейдтер жүргізіп, маскалар таратуда және түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

**8619** АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР

**5511** ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР

**212** ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР

КЕРЕУЕТ-ОРЫНДАРДЫҢ КӨБЕЙТІЛУІ




САТЫП АЛЫНДЫ
- 300 ОТТЕГІ КОНЦЕНТРАТОРЫ
- 150 ФЛУОМЕТР

ШІЛДЕНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ТҮСЕТІНДЕР
- 500 АРНАЙЫ ЖАБДЫҚТАЛҒАН КЕРЕУЕТ
- 100 ЖАСАНДЫ ӨКПЕ ЖЕЛДЕТКІШ АППРЕТІ
- 264 ОТТЕГІ КОНЦЕНТРАТОРЫ
- 350 ФЛУОМЕТРЛЕР
- 3 ОТТЕГІ РЕЗЕРВУАРЫ
- 100 МЫҢ ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫШ ЗАТТАРЫ
- 2 КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФ

**КТ ТЕКСЕРУ ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ**

# КӨШ БАСТАЙТЫН БАСШЫ БАР, ОНЫ ҚОШТАЙТЫН АЗАМАТТАР ҚӘНІ?!

**Қазақтың «біріккен жұдырықтай жұмыла керек» дегені – дәл осы кезең. Ерте көктемде жарияланған алғашқы карантин бәрімізге бір демалысқа шыққандай әсер қалдырды, ол кездегі әңгімеміз де қазіргідей көңілсіз емес-ті. Қашықтан оқу, қашықтан жұмыс істеу – түрлі мем, түрлі әзіл әңгімелерді де тудырған-ды. Сол бір жайбарақат көңілмен мамыр айында карантинді аяқтауымыз мұң екен, ковид деген бәле бірден жабысты, елді әбігерге салды бірден. Өте жайбарақатпыз.. Бүгінде әлеуметтік желі бетін қорқақтап ашасың... Адамдарда үрей пайда болды.**



Негізі, адам болмысы «әу бастан» белгісіздіктен қорқады. Қорқынышын басатын, сенім артар күш іздейді мұндайда. Содан да болар, ел назары сын сағатта билікке ауды. Өзіне қадалған сан миллион көзге билік тік қарауға қауқарсыз болып шықты. Үміт артқан билігі жұмған аузын ашпай, көзін төмен сала, бүгежектей берген соң, халық ашу-ызаға ерік берді. Әзірге ашу-ызасын тек сөзбен жеткізуде..

Мына індет биліктегі басшылардың өз бетінше әрекет етуге енжар, тек жоғарыдан түскен нұсқауды ғана орындай алатын шабарман екенін жұртқа жария етті. Ал нұсқау беруде ел иесі ретінде Президент аянып отырған жоқ. Президент Тоқаевтың төңірегіне топтасу керегін қарапайым халық күн өткен сайын ұғына бастады. Саясатта керек салқынқандылық пен жағдайды дұрыс түсіне алатын сабырлы ұстамдықты Президент бойынан байқаған халық оның әр сөзінен өз күдігін сейілтер үміт нышанын іздейді. Біріншіден, Президенттің айтқан түзу сөздері мен берген тапсырмаларының орындалуына ыңырана әрең қозғалатын бюрократиялық машина бір кінәлі болса, екіншіден, Мемлекет басшысының айтқанын әр тұрғынға жеткізуі тиіс Үкімет пен әкімдіктер.

Президентте аста-төк кадр жоқ. Қазіргі аға буын басшыларды артынан келе жатқан жас мемлекеттік қызметшілер ауыстыру керек десек, ол жастар да алдындағы ұсыныс-идеясыз орындаушы басшыдан өзге тәлімгер көрмегендер. «Президенттің кадрлық резервіне» іріктеліп, жұмысқа кірiскендер бар, бірақ олар мемлекеттік қызметке төселіп, ысылып шыққанша уақыт керек..

Ел Президенті лауазымына кірiскелі бері Қасым-Жомарт Тоқаев небір сынақты бастан өткізіп келеді. Ұшақтың құлауы, Арыстағы жарылыс, Мақтааралдағы су тасқыны, мына ковид індеті... Бұл оқиғалардың бәрі шұғыл, дереу шешімдерді қабылдауды қажет етті. Тиісті де қажетті тапсырма берген Президенттің нұсқауларын орындау – Үкімет мүшелерін ширатты деп есептедік қой осыған дейін. Сөйтсек, бұл оқиғалар халықтың бірлігін, бауырмалдығын күшейте түсіпті. Оны осы күні билікке деген сенімін жоғалтып, бір Президентке ғана сеніп, бір-біріне көмек қолын созған әрекеттерден анық байқаудамыз.

Ел болып жұмылып, осы 30 жылда не даулы мәселеге, не жемқорлық ылаңына ілікпеген Президент Тоқаев маңына топтасып, Қазақ мемлекетін қайта көтеруге, мемлекетшіл мамандарды қайта даярлауға әрқайсымыз атсалысуымыз керек. Көш бастар басшы бар, оны қоштайтын азаматтар қәні? «Исатай – басшы, мен – қосшы» дейтін Махамбеттер, бір-бірімізге тірек болайық, жұмыла қимылдар, басталған жұмысты бірлесе бақылайтын кезең туды. Тоқтауға, артқа көз салып, асықпай саралауға уақыт жоқ, өткен қателіктерді қаперге алып, алға жылжып, заман көшінен қалмауға ұмтылу керек. Уақыт дөңгелегі біз күткендегіден әлдеқайда тезірек айнала бастады.

**Мұхит ЫҚЫЛАС,**
**журналист, саясаттанушы**

# ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ РЕТТЕЛЕ БАСТАДЫ

**Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында елімізде қабылданып жатқан эпидемияға қарсы шаралар және биыл 18 шілдеде өткен кеңесте Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалу барысы қаралды.**




Денсаулық сақтау министрі А.Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов, Шымкент қаласының әкімі М.Әйтенов, Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбек, Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалин баяндама жасады.

Қазақстанда эпидемиологиялық жағдай біршама тұрақталды. Республика бойынша індет жұқтырғандардың өсімі 2,1% құрайды, ең төменгі өсім тәулігіне Шымкентте – 1%, Қызылорда облысында – 0,9%, Түркістан облысында – 0,8%, Ақтөбе облысында 0,5% тіркеліп отыр.

Жалпы төсек-орын қоры 30,4 мыңнан 49,7 мың төсек-орынға дейін ұлғайтылды. Провизорлық төсек-орынның бос болмауы 20%-ға (89%-дан 69%-ға дейін) және реанимациялық төсек-орынның бос болмауы 6%-ға (73%-дан 67%-ға дейін) азайды. COVID-тен сауығып кеткендердің саны 60%-ға өсті, жедел жәрдемді шақырулар саны 23%-ға төмендеді. Амбулаторлық деңгейде үйде медициналық көмек көрсету үшін 2962 мобильді бригадасы құрылды. Осы айдың соңына дейін мұндай бригадалар саны 3500 дейін жеткізіледі. Емханалардағы Call-орталықтар саны 16%-ға артты.

Бүгінгі таңда инфекциялық және провизорлық стационарларда 1958 өкпені желдету аппараты бар, қосымша 4183 аппарат сатып алынады, 21 мыңнан астам төсек-орын оттегіге, 6237 орын оттегі концентраторларының есебінен қосылады. Бүгінде ПТР-тестілеудің қуаты тәулігіне 32 мың зерттеуді құрайды. Биылғы жылдың 1 тамызына қарай бұл көрсеткіш тәулігіне 35,6 мыңға дейін, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне қарай тәулігіне 64 мыңға дейін жеткізіледі.

Үкімет басшысы әкімдіктерге, Денсаулық сақтау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктеріне өңірлердегі ауруханаларды қажеттіліктеріне сай ӨЖЖ аппараттарымен биыл тамыздың соңына дейін қамтамасыз етуді тапсырды.

Денсаулық сақтау министрлігіне әкімдіктермен және Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге шілденің соңына дейін өңірлерде ветеринарлық зертханалар базасында ПТР-тестілеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және кадрлармен жасақтауды қамтамасыз ету, әкімдіктерге анализдерді өңірлердің зертханаларына жеткізудің тиімді логистикасын пысықтау тапсырылды.

«Фармация» компаниясына ағымдағы жылдың шілде айының соңына дейін дәрі-дәрмек сатып алып, оларды қосымша бір айға жететін көлемде өңірлерге бөлу, сондай-ақ олардың дәрі-дәрмек қажеттілігін жоспарлаудың нақты жүйесін белгілеу жүктелді. Премьер-министр сонымен қатар Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мен Ақтөбе облысының үлгісі бойынша әр өңірде тұрақтандыру қорларында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қажетті қорын жасау туралы тапсырма берді.



# ЖҰМЫСШЫ ҚҰҚЫН БІЛЕ МЕ?

**Кеше қала әкімдігінде өткен брифингте Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы басшысының орынбасары міндетін атқарушы Ерлан Бердалин індеттің алдын алу шаралары кезеңіндегі еңбек қызметінің ерекшеліктері туралы айтты.**

«Жалдамалы қызметкерлер үшін 42500 теңге мөлшеріндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуге жұмыс берушілер өтінішті өздері береді. Әрине, бұл қызметі бас санитарлық дәрігердің шектеу шараларына түскен ұйымдар. Бұл төлемдер Әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді, яғни жұмыс берушілер бұл үшін ешқандай қаржы төлемейді» деді Е.Бердалин. Ол жұмыс берушілерге бұл жағдай ел үшін оңай емес екенін, сондықтан ақысыз демалыстағы жұмысшылардың тізімін беру мәселесіне аса жауапкершілікпен қарауды тапсырды.

Алдағы жұмыстарға тиісті бақылау жасау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың қызметкерлері кірген штаб құрылды.

«Еңбек қатынастары бөлігінде конституциялық құқықтардың бұзылуына байланысты барлық мәселелерді еңбек инспекциясы қарайды. Күн сайын еңбек инспекциясына 20-дан 40-қа дейін адам келеді. Бұл мәселелердің көпшілігі жұмыс берушілермен түсіндіру барысындағы әңгімелесуден кейін оң шешімін табады. Олай болмаған жағдайда қызметкер сотқа жүгінеді» дейді Е.Бердалин.

Еңбек құқықтары бұзылған азаматтар Достық көшесі, 13-үйде орналасқан Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасына жүгіне алады.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ҚҰҚЫҚ ПЕН ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жасау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті.**



Жадыра **ШАМҰРАТОВА**

Күн тәртібінде елорда аумағындағы көші-қон процестерін реттеу, сонымен бірге кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мәселелері қаралды.

Нұр-Сұлтан қаласы ішкі істер департаменті көші-қон полициясы басқармасының елорда аумағында Көші-қон процестерін реттеу бойынша жұмысы туралы Нұр-Сұлтан қаласы Көші-қон қызметі басқармасының басшысы Арман Баймұхамет баяндама жасап, шетел азаматтарының жағдайын реттеу мақсатында қаладағы көші-қон жағдайын күшейтуге бағытталған жұмыстарға тоқталды. Шамамен 1 мың азаматқа қызмет көрсетіліп, 2500-ден астам виза беріліп, ұзартылған. Дегенмен, орталықтың қазіргі уақытта заманауи талаптарға сәйкес келмейтінін, қосымша қиындықтар тудыратынын да мәлім етті.

Баяндамашы өзіне қойылған «шетелден келген студенттермен көші-қон мәселесінде қандай дайындықтар жүріп жатыр?» деген сұрақтарға: «Оқу орындары алдын ала бізге қолдаухаттарын не уәкілдерін жіберіп, бүкіл құжаттарын рәсімдеп, дайындық жүргізілді. Визалық қолдауға байланысты ешқандай қиындық жоқ» деп жауап берді.

Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Госман Жакин қоғамдық тәртіпті қамтамсыз ету мақсатында атқарылған іс-шараларға тоқталып, қала бойынша қылмыс деңгейінің төмендегенін, бірақ, кәмелетке толмағандар қылмысының азаймай отырғанын, әсіресе, Сарыарқа ауданында жасөспірімдер қылмысы көбейіп отырғанын тілге тиек етті. Сонымен бірге кәмелетке толмағандарға алкогольдік өнім сатудың 21 фактісі тіркелген.

Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының бастығы Ш.Кадырова кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты азайту әлеуметтік маңызды міндет екенін айта келіп, елордадағы 88 мектептің 17-сінде инспектор жоқ екенін келтірді. «Отбасы мен балалар проблемасын ерте анықтауға басымдық беріліп отыр, осы орайда қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді. 2019-2020 оқу жылында орталыққа қабылданған балалар саны 38,4 пайызға өскен. Салыстыратын болсақ, бұл көрсеткіш 2018-2019 жылдан 500 балаға көп. Орталықпен 2141 бала қамтылған, 16 отбасымен дағдарыстан шығуға бағытталған жұмыстар жасалуда» деді Ш. Кадырова.

Басшының айтуынша, биыл алғаш рет мобильдік топ жұмысы ұйымдастырылған. Балалар қонақ үйі мен 1409 сенім телефоны жұмыс істейді. 29 баланы және алдын ала тексеру кезінде 12 жасөспірімді кешендік сүйемелдеу жүзеге асырылуда. Оларға заңгерлік және әлеуметтік психологиялық көмек, 22 әлеуметтік жағдайы төмен отбасыға заңгерлік көмек көрсетілді. Қамқоршылық және қорғаншылық бойынша міндетін тиісінше орындамаған ата-аналарға шара қолданған мысалдарды да келтірді. Бүгінгі таңда полицияда есепте тұрған балалар саны – 153, оның 40,3 пайызы Сарыарқа ауданына тиесілі.

# КАРАНТИН ТӘРТІБІН БҰЗҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

**Кеше Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен бейнебайланыс арқылы коронавирус инфекциясымен күрес жөніндегі қалалық штаб отырысы өтті.**

Отырыс барысында COVID-19-ға қарсы әрекет ету комиссиясының жұмыс барысы, аудандық мониторинг топтарының санитарлық-эпидемиологиялық және шектеу шаралары талаптарының сақталуы, сондай-ақ елорда дәріханаларындағы дәрі-дәрмектердің бағасы мен қолжетімділігін бақылау мәселелері талқыланды.



Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының аумағында аудандық мобильді мониторинг топтары құрылған. Топтардың міндеті – жүргізіліп жатқан карантин шаралары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, санитарлық қорғаныс құралдарының (санитайзерлер, тепловизорлар, маскалар және т.б.) бар-жоғын тексеру, кәсіпкерлік нысандардың карантин режимін бұзу фактілерін анықтау.

– 5 -20 шілде аралығында мобильді мониторинг топтары 335 кәсіпкерлік нысанның санитарлық нормаларды сақтауына қатысты тексеру өткізді. Соның барысында 159 нысанда бұзушылық анықталды. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласының Тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау департаменті карантин шаралары кезеңінде жұмыс режимін бұзғаны 20 әкімшілік материал толтырып, әкімшілік айыппұлдар салынды. Шағын кәсіпкерлік нысандарының әрқайсысына 230 АЕК мөлшерінде айыппұл белгіленді. Егер төлем 7 күн ішінде жасалса, қысқартылған тәртіппен – 115 АЕК, орта бизнес – 310 АЕК, қысқартылған тәртіппен – 155 АЕК төлейді, – деді қала әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі сараптамалық-мониторинг тобының жетекшісі Шыңғыс Қуатбеков.

Елордада өткен тәулікте полиция қызметкерлері, эпидемиологтар, еріктілер, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіретін мобильді топтар 78 карантин тәртібін бұзушыны анықтады. Оның 57-і маска тағу және әлеуметтік қашықтық сақтаудың міндетті талаптарын бұзған.

– Барлық мемлекеттік органдар халық арасында түсіндіру жұмыстарын жалғастырып, азаматтарды қоғамдық орындарда санитарлық нормаларды сақтауға шақыруы керек. Демалыс күндері тұрғындар топтық ойын-сауық ұйымдастырып, елорда шетіндегі көлдерде карантин режимін ғана емес, қоршаған ортаны да ластауда, – деді Б. Мәкен.

Отырыс соңында әкім орынбасары аудан әкімдіктеріне полиция департаментімен және Тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау департаментімен бірлесіп, қала маңындағы аймақтарда рейд жүргізуді және карантин режимі мен қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі туралы тұрғындармен профилактикалық әңгімелесу жүргізуді тапсырды.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Аида БАЛАЕВА,
Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

**Слайдтың бәрі орысша дайындалғаннан кейін ең болмаса баяндаманы қазақшалауға болады ғой. Жиналысымыз Facebook-те өтіп жатқан соң, оның үстіне ақпараттандыру мәселесін қозғап отырғаннан кейін мемлекеттік тілде ақпарат жеткілікті емес. Орысша сөйлеген соң, халық түсінбей отыр. Слайд орысша, баяндаманы қазақша жасауға немесе керісінше істеуге болады ғой. Комиссия мүшелері және баяндама жасаушылар да осы мәселеге мән беру керек.**

(17.07.2020. Онлайн ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның отырысында айтқан сөзі)



# КӨЗТАРТАР КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

**Елорданың Сарыарқа ауданында С.Сейфуллин көшесі, 14/1 және 16 мекенжайларының аумағында жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. Бұған дейін бұл аймақта екі қабатты ескі әрі апаттық жағдайдағы тұрғын үйлер болған.**

Апатты үйлер сүрілгеннен кейін биылғы маусым айының басында мұнда абаттандыру жұмыстары басталды. Аумаққа асфальт пен төсеніш тастар төселіп, жарық беру бағандары орнатылып, гүлзарлар қойылды. Сонымен қатар балалар ойын алаңы мен кіші сәулет формасындағы workout кешен, орындықтар, жұмсақ жиһаздар және қоқыс жәшіктері орнатылды, гүлдер егілді. Енді күзде көшеттер отырғызылады деп жоспарланды.

# КОЛЛЕДЖДЕР ВИРТУАЛДЫ КЕҢЕС БЕРЕДІ

**Талапкерлер колледжге түсу туралы кеңесті үйден шықпай-ақ ала алады. Бас қала колледждерінде оларға арналған виртуалды қабылдау қызметі тәулік бойы демалыссыз жұмыс істейді. Мұнда қандай мамандықтарға гранттар бөлінді, колледжге түсу үшін қандай құжаттар қажет және жеңілдіктерді қалай алуға болатынын білуге болады.**

Ассистенттер келіп түскен сұрақтарға 3-5 минут ішінде жауап береді. «Біз бес күн бұрын виртуалды қабылдауды іске қостық. Қазірдің өзінде 200-ден астам өтініш келіп түсті. Көбі гранттар мен жеңілдіктер бар мамандықтарға құжаттарды қалай тапсыру керегін сұрап жатыр. Ауылдық жерден көптеген өтініштер бар» дейді политехникалық колледж директоры Қасымхан Сеңгазиев.

Виртуалды қабылдау комиссиялары 20 тамызға дейін елорданың 33 колледжінде жұмыс істейтін болады.

# ІНДЕТ БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ?

**Әлемді жайлаған індет біздің елімізді де айналып өтпеді. Соған байланысты наурыз айында төтенше жағдай жарияланып, карантин режимі енгізілді. Сол уақыттан өміріміз де өзгере бастады.**




Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

Мәселен, төртінші тоқсанда оқушылар қашықтықтан білім алды. Мұғалімдер балаларды үйлерінде отырып оқытты. Осы сияқты бірқатар мекемелер онлайн жұмыс тәртібіне көшті. Бірақ өмір осымен тоқтаған жоқ. Ел тіршілігіндегі маңызды салаларда жұмыс жалғасып жатыр. Мысал үшін жоспар бойынша таяуда елордаға газ келгенін ауыз толтырып айтуға болады. Алдағы жылыту маусымы басталғанда «Көктал-1» және «Көктал-2», «Агрогородок», «Промышленный», «Железнодорожный» тұрғын алаптары және «Оңтүстік-шығыс» ауданының тұрғындары «көгілдір отынның» игілігін көре бастайды.

Пандемияға байланысты бірқатар кәсіпорын мен бірнеше өндіріс ошағы, кейбір кәсіпкерлік нысандар жұмысын тоқтатып, жұмысшыларды қысқартуға мәжбүр болды. Алайда мемлекет тарапынан сондай азаматтарды тиісті қолдау шаралары жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, 42500 теңге көлемінде әлеуметтік жәрдемақы төленді. Алда жұмыстарынан айырылып, қиын жағдайға тап болған адамдарға осындай мөлшерде көмек тағы беріледі. Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту орталығы екі қолына жұмыс таба алмай жүрген немесе жұмыстарынан қысқарып қалған азаматтарды «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы арқылы еңбекпен қамтып жатыр. Яғни, әр саладағы маңызды істер қалыпты әрі жүйелі түрде жүргізілуде.

Осындай қысылтаян шақта бастысы – адамдығыңды жоғалтпау. Әйтпесе, алаңдатарлық жағдайлар да болып жатыр. Мәселен, құқық қорғау органдарының хабарлауынша, төтенше жағдай кезінде отбасылық жанжалдар көбейген. Мұны, әрине, отбасы мүшелерінің бірінің әлеуметтік проблемаға тап болуымен түсіндіруге болады. Бірақ қалай да ақтайтын іс емес.

Әрине, көңіл сүйсінтерлік жақсылықтар да жасалып жатыр. Мәселен, Жаңаарқа ауданының халқы Қарағанды, Жезқазған қалалары мен аудан орталығының ауруханалары мен емханаларына мың дертке шипа қымызды тонналап жеткізіп жатыр. Бұл мейрімділік, қайырымдылық деген қасиеттерден айырылмағанымызды білдіреді. Лайым солай болсын! Жалпы осы шақта ұлттық тағамдарымыздың қадірі артып келеді. «Өзіміздің қымызымыз, шұбатымыз, қойдың құйрығы ауруға ем» деген сөз шығып еді, оларды тұтынуға тырыса бастадық. «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады» деген осы шығар.

Бұл қиын кезеңде «Бірлік бар жерде, тірлік бар», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Бес саусақ біріксе, ине ілігеді» деген халқымыздың қанатты сөздерін ұмытпаумыз керек. Бірлікте болсақ, сабырлық сақтасақ, індетпен байланысты қиындықтардың бәрін жеңіп шығамыз. Тәжтажал кетіп, бұрынғы мамыражай тіршілігіміз қайтып оралады. Ал әзірге сақтық шараларын сақтап, баршамызға жүктелген істі баяғыдай атқара білуіміз қажет. Қалай болғанда да мемлекет қиындыққа тап болған адамдарды далаға тастамайды. Осыған сенуіміз керек. Елді ілгерілету бойынша да жұмыстар жалғаса береді. Бұл дегеніміз – әрқайсымызға атқаратын іс табылады деген сөз. Мойымайық. Өзгерсек, жақсы жағына ғана өзгерейік.





# ДЕРТТЕН ҚАЙТСЕК ҚҰТЫЛАМЫЗ?

**Елімізде карантин режимі қайта орнаса да, тәртіпке әлі де бағынбай жүргендер бар. Бүгінгі таңда мобильді топтардың тексеру нәтижелері көрсеткендей, қоғамдық орындарда азаматтар бетперде кимейді, әлеуметтік қашықтықты сақтамайды. Таңнан кешке дейін ойын алаңдарында алаңсыз, бетпердесіз ойнап жүрген балаларды күнде көріп жүрміз. Бұған кім жауапты? Әлде адамдар өз өмірлеріне немқұрайлы қарай ма? Бәлкім, жұртшылыққа санитарлық талаптарды сақтау туралы ақпарат жетпей жатқан болар? Аталмыш сұрақтарды еліміздегі қоғамдық пікір көшбасшыларына жолдап, жауаптарын білдік.**



### Жандарбек Мәлібеков, Елтаңба авторы:

*– Бұл жағдайда әр адам өзінің емес, өзгенің амандығын ойлауы қажет. Үйдегі әке-шешесі мен балалары, жалпы жақындары үшін санитарлық талаптарды сақтағаны дұрыс. Осындай жағдайға жеткізген адамдардың бойындағы парасаттылықтың аздығы. Өз өмірін ғана ойлап, қалғанның бәріне немқұрайлы қарайды. Өзімшілдік басым. Үкімет бір жақта, халық бір жақта. Насихат айтылып жатыр, тек ақпарат жүзінде. Сөйлегенде халықтың санасына сіңіріп, сөзін сүйектен өткізер идеология таратушылар аз. Билер, ауыл ақсақалдары секілді халықтың тұрмыс-тіршілігін, жанын түсінетін, әрі оларға түсіндіре білетін шын жанашырлар керек. Құлдық сананың кесірінен осындай деңгейге жетіп отырмыз. Рухани жаңғыру жаңғырыққа айналып жатыр. Шаралар іс жүзінде жүзеге асқанмен, қарапайым халыққа түсіндіріліп жатқан жоқ. Айтылғандарды тұрмысқа, күнделікті тіршілікке енгізу керек. Жалпы қазаққа сана архитектурасы қажет. Сонда карантинге бағынатын болады деп ойлаймын. Мен өзім үйден шықпай, барынша оқшауланып отырмын. Сабырлық танытып, тәртіпке бағынсақ жағдайымыз оңалады.*



### Тұрғын Сыздықов, Мәжіліс депутаты:

*– Жұмыла көтерген жүк жеңіл дейді. Бізге осындай сын сағатта бірлік қажет. Арамызда арандатушылар да жоқ емес, жанжақтан. Халық өз денсаулығы үшін ондайға ермеуі қажет. Үкімет тарапынан барынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Құзырлы органдар атқарып жатқан істер қыруар. Дәрігерлердің еңбегі орасан зор. Ешқайсысының жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Жалпы, мінсіз ештеңе болмайды. Арасында қателіктер де болады. Дегенмен оның орны толтырылады. Біз бар назарымызды осы індетпен күресуге жұмсауымыз қажет. Бұл үкіметке де, қарапайым халыққа да қатысты. Билікте отырғандар да періште емес, пенде. Дәрі-дәрмектің дұрыс жеткізілмеуі, дәріханалардағы дәрі тапшылығы мен бағасының шарықтағанын көрдік. Олқылықтар кездеседі, оны басты назарға алып кінәліні жерден алып, жерге салу емес, вируспен күресуіміз қажет. Сын сағатта жұмыла көтерсек жүк жеңіл болады. Біздің қазақтың басынан не өтпеді? Бұдан да өтеміз. Коронавирустан құтылған соң, ол мәселелерге де қайта ораламыз. Сол кезде екінші деңгейлі мәселелер өз шешімін табады. Менің байқауымша, қазір тұрғындар барлық санитарлық талаптарды сақтап жүр, көпшілік жерде бетпердесін тағып, ал адам аз жерде шешіп қояды. Ол да дұрыс шығар, өйткені таза ауамен тыныстап тұру қажет.*



### Арман ШОРАЕВ, кәсіпкер:

*– Ұят болады деп, індетті ушықтырып жібердік. Сол бір ұяттың кесірінен қаншама жұрт жаназаға баруын тоқтатпай келеді. Қалада байқалмайды, ауылда ада сол аурудан қайтыс болып жатса да, жаназада жиналып жатқандар жетерлік. Айтылып жатыр, бірақ жақынымыз ғой ертең ұят болады, міндетіміз дейді. Ол жерде әлеуметтік арақашықтықтың сақталуы екіталай. Өз басым ешқайда бармаймын, банктік картасына қажетті қаражатын аударамын. Барлығымен алыстан сыйласамыз. Ең қиыны, сол ауыл адамдары көптеп ауырып жатыр. Неге? Себебі дәрі жоқ. Қалада амалын тауып, таныстары арқылы қажетті дәрі-дәрмекті табады. Ал ауылда өте қиын. Бұл жағдайда бізге үлкен жауапкершілік қажет. Карантин талаптарын күшейту керек. Екіншіден, насихат жетіспейді. Үкімет, құқық қорғау орындары тарапынан қатаң шаралар қажет, тәртіпке бағынбағандарға іс жүзінде айыппұл салу керек. Қазақтар бізге жоламайды, не болса да Үкімет өзі шешсін деп жүр әлі. Далада алаңсыз ойнап жүрген балаларға келсек, оларды қашанғы үйде қамап отырамыз, сондықтан далаға шығып жаттыққандары, ойнағандары оң. Ал егер маскасыз, алаңсыз жүрсе, онда олардың ата-аналары кінәлі. Немқұрайлылық бізді өлтіреді.*

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**




**Зәуреш СМАҒҰЛОВА,**
Астана медициналық университетінің доценті, медицина ғылымдарының кандидаты, қалалық модульдік жұқпалы аурулар орталығы бас дәрігерінің орынбасары:

## ӨЗ БЕТІНШЕ ЕМДЕЛУДІҢ ДЕ РЕТІ БАР

*Үйде емделетін науқастарға айтарымыз – бірінші кезекте учаскелік терапевтке немесе дәрігерге өз жағдайыңыз туралы хабарлау керек. Өз бетінше ем қабылдауға болмайды. Қазіргі таңда ешқандай емханаға барудың қажеті жоқ. Бәрі онлайн түрде. Қабылдауға да солай жазыласыз. Екіншіден, үйде оқшаулану керек. Одан әрі гигиеналық шараларды сақтап, маска тағуды ұмытпаймыз, көп мөлшерде сұйықтық ішеміз. Қосымша аурулары бар науқастар сол ауруларды емдейтін препараттарды қабылдауды тоқтатпайды. Егер пневмониясы болса, басқа да ұсынымдарды тағы да дәрігер өзі береді. Маңызды мәселенің бірі – өз бетінше ешқандай антибиотик қабылдамау.*

*Аспиринді тек дәрігер өзі ішуге ұсыныс берсе ғана ішкен жөн. Себебі асқазан жарасы бар адам аспирин ішсе жараның аузы ашылып, қан кетуі мүмкін. Жалпы кез келген дәрінің қауіпті жағы болады. Тіпті кәдімгі аскорбин қышқылының да зияны болуы мүмкін. Мәселен, аскорбин қышқылына аллергиясы бар адамдар ішсе жақпайды. Кейде тіпті ол анафилактикалық шок алуға дейін әкелуі мүмкін. Бүкіл дәріні тек дәрігер тағайындауымен ішу керек. Сонымен қатар зімбір, сарымсақ, қыша сияқты табиғи ем-домдарды пайдаланғанда өз мөлшерінен асырмай ішкен абзал, өйткені бұлар да асқазан, қан, аллергиялық аурулары бар адамдарға ем бола қоймайды. Бізде осыған байланысты бірнеше қиын жағдай болған. Яғни, үйінде зімбір мен сарымсақты шектен тыс қолданып, асқазанын күйдіріп, әбден жағдайын әлсіретіп барып келгендер болды.*

*Тағы бір жиі кездесетін сұрақ – компьютерлік томографияға қай кезде түсу керек? Егер адамда демікпе пайда болса, ентіге берсе, тыныс алуы қиындаса немесе қатты құрғақ жөтел болса, тыныс алған кезде кеудесі ауырса, дене қызуы ұзақ уақыт түспесе, міне, осы жағдайда КТ-ға түсу қажет. Тағы да қайталап айтамын, осы кеңестердің ішінде ең маңыздысы – ол ең бірінші тек дәрігерге жолығу, кәсіби маман тағайындаған дәріні ғана ішіп, дәрігер бекіткен тәртіпті сақтау.*

*Сосын маска тағу мәселесі. Қазір вирустың бар екеніне халық сенді ғой. Енді осы маска тағудың маңыздылығын да толық түсінсек. Оны ғимараттың ішінде жүргенде тағу міндет. Мен мысалы, өз басым масканы көшеде де тағып жүремін. Себебі біреу аяқ астынан көшені, қай жерде қандай дүкен барын сұрап қалуы мүмкін. Ол адам вирус тасымалдаушы болса ше?! Оның үстіне адамның сырт келбетінен бойында вирустың бар-жоқтығын білу қиын. Сондықтан деннің саулығы алдымен өзімізге қажет.*



**Денсаулық сақтау министрлігі COVID-19 инфекциясына қатысты көпшілікті қатты толғандырған, жиі қойылатын сұрақтарға жауап берді.**

# 10 ОЙДА ЖҮРГЕН САУАЛ

### ПАНДЕМИЯҒА ҚАТЫСТЫ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙ ҚАНДАЙ?

1

– Қазір эпидемиологиялық жағдай біршама тұрақталды. Елімізде жедел ауруханаға жатқызу және дәрігерлік көмекке жүгіну саны біршама азайды. Қабылданған жедел шаралардың арқасында соңғы екі аптада біршама оң нәтижелерге қол жетті. Атап айтқанда, індет жұқтырудың тәуліктік өсімі 4%-дан 2,1%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар дерттен жазылғандар саны 60%-ға артты. Жедел жәрдем шақырту саны 23%-ға кеміді. Бұл көрсеткіштер – қазір динамиканың тұрақтанғанының айқын көрінісі. Өңірлерде дәрігерлер біртіндеп әдеттегі жұмыс режиміне кірісуде.

### ТӨСЕК-ОРЫН САНЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

2

– Шілде айының соңғы 3 аптасында жалпы төсек-орын қоры 30,4 мыңнан 49,7 мың инфекциялық және провизорлық төсек-орынға дейін ұлғайды. Төсек-орын қорының өсуі 19,3 мың бірлікті құрады. Амбулаториялық деңгейде үйде медициналық көмек көрсету үшін бірінші реттік медициналық-әлеуметтік көмектің 2 962 мобильді бригадасы құрылды. Провизорлық стационарларда төсек-орындардың бос болмауы 20%-ға, реанимациялық төсек-орындардың бос болмауы 6%-ға төмендеді.

### ХАЛЫҚ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕ МЕ?

3

– Сапалы жоспарлау мен дәрі-дәрмектерді сатып алуға аса зор көңіл бөлінді. Дәрі-дәрмектерді сертификаттау мерзімдері қысқартылды және 1 айдан 3 күнге дейін оңайлатылды. Бір реттік жеткізілім тәулік ішінде беріледі. Коронавирусты емдеуге арналған жаңа препараттарды тіркеу рәсімі жеделдетілді. Арнайы борттар есебінен дәрілік заттармен бөлшек сауданы толықтыру жүргізілуде. Өңірлерде арнайы тұрақтандыру қорлары құрылды. Амбулаторлық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету тізімі кеңейтілуде. СҚ-Фармация дәрі-дәрмектердің айлық қорын қалыптастырды. Сонымен қатар үй жағдайында және амбулаториялық жағдайда коронавирустық инфекция мен пневмонияны емдеуге арналған 5 негізгі фармпрепаратты қосу мәселесі пысықталуда.

### ӨКПЕГЕ ЖАСАНДЫ ДЕМ БЕРУ АППАРАТТАРЫ ТОЛЫҚ ЖЕТЕ МЕ?

4

– Бүгінгі таңда инфекциялық және провизорлық стационарларда 1958 ӨЖЖ аппараты бар, әкімдіктермен бірлесіп қосымша 4183 аппарат сатып алынды. Сонымен қатар 21855 төсек-орын оттегіге қосылады. Оның ішінде 17762 төсек-орын мемлекет тарапынан да, демеушілер мен азаматтардан келіп түсіп жатқан оттегі концентраторларымен оттегіге жалғанады. Сондай-ақ қосымша 100 жылжымалы медициналық кешен жеткізу жоспарланып отыр.

### ПТР ТЕСТ САНЫ АРТТЫРЫЛА МА? ОЛ ТӘУЛІГІНЕ ҚАНША АДАМДЫ ҚАМТИ АЛМАҚ?

5

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биыл қыркүйек айына таман зертханалардың қуатын тәулігіне 64 мың ПТР-ға дейін арттыру көзделуде. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ПТР аппараттары бар ветеринариялық зертханалары қайта бағытталып, олардың жұмысы денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктері үшін қайта бейімделеді. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында модульдік зертханалар қуаты да ұлғайтылмақ. Екі қаланың әкімдіктері қазір бұл мәселені пысықтап жатыр және осы қалалар бойынша екі зертхананың қуаттылығын тәулігіне 10 мың тесті жүргізуге дейін ұлғайту жоспарлануда.

### ІНДЕТ ҚҰРБАНДАРЫ ҚАЛАЙ ЖЕРЛЕНЕДІ?

6

– Індеттен көз жұмғандарды жерлеу үшін ешқандай арнайы рұқсаттың керегі жоқ. Бас санитарлық дәрігердің жарлығына сәйкес бұл вирустан қайтыс болған адамның мүрдесі сол қайтыс болған мекеменің патологоанатомия бөлімшесінде зарарсыздандырылады, содан кейін оның денесі туыстарына беріледі. Туыстары қайтыс болған адамды жерлейтін орынды өздері таңдайды. Алайда жерлеу кезінде қарапайым санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау қажет.

### КОРОНАВИРУСТАН КӨЗ ЖҰМҒАН БАЛАЛАР БОЛДЫ МА?

7

– Бұл індеттен бірде-бір бала көз жұмған жоқ. Әлеуметтік желілерде аталған инфекциядан балалар өлімінің өсуі туралы тараған пікірлер жалған. Елде коронавирус жұқтырған барлығы 73400 адам тіркелді. Олардың 61,8% емделді. Ауруханаларда пневмониямен ауырып жатқан науқастар саны – 8 мыңға жуық адам. Мамыр айынан бері мыңнан астам бала ауырып сауықты. Ауруханаларда 100-ден астам бала бар. Олардың барлығы коронавирус инфекциясымен жеңіл ауырған, ауырып та жатыр. Бірақ балалар арасында бұл індеттен өлім-жітім болған емес.

### COVID-19 ҚАЙТА ЖҰҒУЫ МҮМКІН БЕ?

8

– Науқастар ауырып, жазылған соң және жедел кезеңнен өткеннен кейін олардан қайтадан алынған анализ нәтижесі теріс болды. Ал біраз уақыттан кейін оң нәтиже көрсеткен оқиғалар да кездесті. Бұл жағдайда мамандар мұның ПТР реакция беретін вирустың «жарықшақтары» болуы мүмкін екенін айтады. Анализ клиникалық белгілері болмаған кезде оң нәтиже көрсетеді. Сондықтан ол қайта жұқтыру болып саналмайды. Қазір коронавирусты қайта жұқтыруға болады деген деректер жоқ.

### ІНДЕТТІҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ БОЛА МА?

9

– Әлемнің басқа елдері сияқты Қазақстанда да биыл күз-қыс айларында дерттің асқынуы мүмкін екені ескерілуде. Мамандардың пікірінше, елдегі коронавирус пандемиясының келесі толқыны ЖРВИ және тұмау аурулары қозатын қыркүйек-қазан айларындағы эпидемиологиялық маусыммен қатар келуі мүмкін. Бәрі де сол кездегі ауа райына байланысты болады. Ал қазір басты міндеті – сол кезеңге денсаулық сақтау саласын толық дайындау.

### АРНАЙЫ ВАКЦИНА ДАЙЫНДАЛЫП, САЛЫНАТЫНЫ РАС ПА?

10

– Қазір Қазақстан түрлі елдерден вакцина сатып алу мәселесін зерделеп жатыр. Препараттар клиникалық сынақтардың түрлі сатыларынан өткізілуде. Ресейлік вакцина туралы белгілі, ол елдегі әріптестермен қазақстандық мамандар ынтымақтастық орнатқан. Вакцинаның қашан жеткізілетіні оның барлық клиникалық сынақтардың бүкіл кезеңдерінен өтіп, жаппай халық үшін қолдануға жіберілгені ресми расталған мерзімге байланысты белгілі болады. Сонымен қатар қазір сынақ сатысында тұрған вакциналарды өндірушілермен, соның ішінде БАӘ-мен бірге клиникалық сынақтардан өтіп жатқан қытайлық вакциналарға қатысты да келісімдер бар.

Бетті дайындаған
Райхан **РАХМЕТОВА**

# ӘУЕЖАЙ АУАСЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРЫЛДЫ

**Дамыған елдерде көпшілік шоғырланатын ғимараттардың ауасын залалсыздандыру дәстүрі бар. Мұндай шара елордада да белгіленген мерзім аралығында кестеге сай атқарылып келеді. Жақында жолаушылар мен қызметкерлердің денсаулығын қорғау мақсатында астана әуежайының жергілікті рейстерге арналған Т2 терминалы ғимаратында 12 шақырым аумақтың ауа арнасы тазартылып, залалсыздандырылды.**




Жалпы, Нұр-Сұлтан қаласының ірі қоғамдық орындарын тазарту және залалсыздандыру жұмыстарын маусым айының ортасынан бастап, тамыз айында аяқтау жоспарланған. Бұл процедура жүйелі негізде 3 жылда бір рет жүргізіліп тұрады.

– Әуежай әкімшілігі әуеайлақ аумағында жолаушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр. Бүгінде ауа баптау және ауа желдету жүйелері залалсыздандырылып, жолаушылар мен қызметкерлер таза ауамен тыныстайтын болады, – деді «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ басқарма төрағасы Ғабит Тәжімұратов.

Айта кетейік, елорданың әуе қақпасы арқылы маусым айында 220 мыңға тарта адам жолаушылап өткен. Ал бір жылда әуежай 5 млн адамды қабылдап, жолға шығарып салуға қабілетті. Қазіргі індет етек алып тұрған жағдайда мұнша адамның денсаулығын қорғау мақсатында жүргізілген шаралардың маңызы орасан екені даусыз.

Ауа баптау және желдету жүйелерін жоспарлы тазалау нәтижесінде желдету жабдығының жұмыс қуаты 25-45 пайызға артады екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпарына сенсек, ауаны залалсыздандыру әуежайға келушілердің індетке шалдығу ықтималдығы 30 пайызға азаяды.

Сондай-ақ өрт және басқа да төтенше жағдайлардың туындау қаупі көп төмендейді. Әуежайдың желдету жүйесін залалсыздандыруға тиісті сертификаттаудан өткен және мұндай қызметтер көрсетуге барлық рұқсат құжаты бар жергілікті компаниялар жұмылдырылған.

Олар өз жұмыстарында заманауи құрылғылар мен арнайы сұйықтықтарды пайдаланған. Денсаулық қорғау саласы мамандарының айтуынша, залалсыздандыруда қолданылған жабдықтар мен өнімдер адам денсаулығына зиянын тигізбейді екен, әрі оның иісі де жоқ.

Бетті дайындаған Дәулет **АСАУОВ**



# ҮЗДІК БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРҒА – ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРАЖАТ

**Нұр-Сұлтан қаласында бизнес-идеяларға арналған гранттарды бөлу конкурсы 3 тамызда басталады. Оған қатысу үшін үміткер uir-astana.kz веб-сайтына құжаттармен қоса өтінімін де беруі қажет.**

Мемлекет «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша өз ісін ашуға талап еткен жандар үшін гранттар бөлу конкурсын жариялады. Оған кәсібін жаңа бастағандар, жас кәсіпкерлер, әйелдер, мүмкіндігі шектеулі жандар және 50 жастан асқан адамдар қатыса алады. Сынақтан мүдірмей өткендерге 2 миллионнан 5 миллион теңгеге дейінгі қайтарымсыз қаражат беріледі. Бағдарлама шарттарына сәйкес, үміткер конкурсқа тек бір бизнес-жобасы бойынша ғана қатыса алады. Сондай-ақ кәсіпкердің, оның бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлкінің берілетін мемлекеттік гранттың 10 пайызын қаржыландыруға қабілеттілігі расталуы шарт. Тек мұндай талап халықтың әлеуметтік осал топтары үшін ғана міндетті емес. Тағы бір шарт – жаңа жұмыс орындарын құру. Кәсіпкердің бизнес-жобасында инфрақұрылымның болуы және/немесе инфрақұрылым құруы ескерілуі тиіс.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражатын келесідей мақсаттар үшін пайдаланады: тауарларды шығаруға немесе қызметтерді көрсетуге қажетті негізгі құралдарды, шикізатты және материалдарды сатып алу; материалдық емес активтерді сатып алу; технологияларды сатып алу; кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) құқықтарын сатып алу; зерттеу жұмыстарымен және/немесе жаңа технологияларды енгізумен байланысты шығыстар.

Мемлекеттік грантқа жылжымайтын мүлікті немесе жер учаскесін сатып алуға, жалдауға, үлестес компаниялардан активтерді, құралдар сатып алуға, бұрын қолданыста болған негізгі жабдықтарды сатып алуға тыйым салынған.

– Кәсіпкердің жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант қаражаты жеке тұлғаның кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген контрагент шотына қолма-қол жасалмайтын төлем арқылы жүзеге асырылады, – деді Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ерлан Бекмырзаев.

Бір айта кетерлігі, қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық сатысындағы, сондай-ақ қызметі қолданыстағы заңнамаға сәйкес тоқтатылған кәсіпкерлерге гранттар берілмейді. Сондай-ақ салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі барлар, қызметінің негізгі түрі жылжымайтын мүлікті жалға беру болып табылатын тұлғалар және мемлекеттік грант алуға өтініш берген кезде оның 10 пайызы бизнес-жобаға қатысатын жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүлікпен қаржыландыру қабілеттілігі расталмаған кәсіпкерлер де грант ала алмайды. Өтінімдерді қабылдау басталғаны туралы хабарландыру, сондай-ақ шарттар мен құжаттар тізімі Нұр-Сұлтан қалалық әкімдігінің astana.gov.kz ресми сайтында, «Бизнес және кәсіпкерлік» жаңалықтар бөлімінде жариялanады.

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

**Қаланың саябақтарында қысы-жазы көпшілік сүйіп демалатын орын болып саналады. Әсіресе қазіргі карантин кезінде үйге қамалған жұрт бір мезгіл саябақтарда қыдырыстап, бір мезет сергіп келгенді жақсы көреді. Енді біреулер жасыл алаптың арасында отырып тамақтанғанды ұнатады. Мейлі дейік, бірақ солардың арасында жүрген жерін ластап, соңынан қоқыс-қоқыр тастап кететіндер де кездеседі.**



Одан бөлек, қаланың коммуналдық қызметтерінің назарынан тыс қалған, нысандарының тозығы жетіп, ескірген аудандар мен жөндеуді қажет ететін саябақтар аз емес. Әлбетте, Есіл өзенінің сол жақ жағалауындағы саябақтар мен көпшілік жүретін жерлер, тұрғын үй аудандары – әрдайым әкімдіктің назарында. Бұл орындар ұдайы тазаланып, жаңартылып, қаланы көріктендіріп тұр. Ондай орындарда демалған адамға жайлы. Алайда Есілдің оң жағалауындағы бөлікте ескерусіз жатқан қоғамдық орындарды, әйтпесе саябақ түгілі, шағын жасыл желегі жоқ аудандарды кездестіруге болады. Жергілікті тұрғындар өздеріне үлкен саябақ емес, тек көпшілікке демалатын жайлы желекжолдар болса да жеткілікті деген тілегін білдіреді. Сондай аудандардың бірі – Досмұхамедұлы көшесі аумағы. Көшенің бойында бос, игерілмей жатқан алаңқай бар, сол жер шағын саябақ жасауға сұранып-ақ тұр. Бұл – тұрғындардың тілегі.

– Досмұхамедұлы көшесінен үй сатып алғаныма 2 жылдан асты. Бір қынжылтатыны – бұл ауданда балалар ойнайтын балалар алаңы, спортпен айналысатын жерлер жоқ. Біздің балалар басқа аудандардағы ойын алаңдарына мәжбүр. Жастарымыз қолжетім жерде спорт жабдықтары болмаған соң, көпшілігі дене шынықтырумен айналыспай селтеңдеп бос жүр. Жасы келген кісілерге де көңілін аулайтын ермек жоқ. Егер аулаға күннен көлеңкелейтін қалқасы бар жаппа қойып, оның ортасына жағалай сәкісі бар бір үстел орнатса, біз сияқты шал-шауқан сол орында шахмат, домино ойнап, бір мәз-мейрам болып қалар едік, – дейді осы ауданның үлкендерінің бірі Қадырай ақсақал.

Тұрғындар бұл тілектерін жыл сайын болатын әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерінде де талай айтқан екен. Байқоңыр ауданы әкімшілігі тұрғындардың тілегін қабыл алғанмен, әзірге ондай құрылыс жұмыстары қолға алынған жоқ.

Нұр-Сұлтан қалалық урбанистика орталығы басшысы Елнар Базыкен егер тұрғындар аулаларын көріктендіріп, ойын алаңдарын салдырғысы келсе, аудандық әкімдікке жазбаша өтініш жазу керектігін айтты.

– Кейінгі уақыттарда қаланың шеткері аймақтарына айрықша көңіл бөлініп жатыр. Бүгінде жөндеу жұмыстарын қажет ететін орындар тізімі жасалуда. Тізім толық жасалып болған соң, әкімдік тиісінше жоспар құрып, сол бойынша қажетті абаттандыру жұмыстарын атқарады. Сондықтан тұрғындар өздері де белсенділік танытып, мұқтаждықтарын айтып, аудандық әкімдіктерге жүгінулері керек. Тұрғындар өтінішін алғаннан кейін аудан әкімдіктері кезек-кезегімен, ретіне қарай қажетті жұмыстарды жүргізетін болады.

Ресми мәліметке сүйенсек, ағымдағы жылы астанада 54 қоғамдық кеңістік пен саябақ, көпшілік демалатын орындарға жөндеу, жаңарту, жаңғырту жұмыстары жасалады екен.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo




**Әлемді жайлаған «Ухань обасын» бұл күнде жер шарының 15 миллионға жуық тұрғыны жұқтырып, 615 мың адам осы індеттен опат болды. 8 миллионнан артық адам дертінен сауығып шыққанмен, індет әлі ырық бермей тұр. Керісінше, кейбір елдерде өршіп барады. COVID кеулеп кеткен елдердің қатарында Қазақстан да бар. Індет жұқтырған алғашқы адам тіркелген 13 наурыздан бері елімізде 75 мың адам індет жұқтырып, 585 адам бақилық болды. Бұған пневмониямен ауырған және одан қайтыс болғандарды қоссақ, Қазақстан індет жұқтырғандардың саны жағынан әлемдегі 20 елдің қатарына енеді.**

# ІНДЕТТІ ҚАЛАЙ АУЫЗДЫҚТАЙМЫЗ?

Қалиакбар
**ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Дүниені діңкелеткен дерттің елімізде бұлайша кең жайылуының бірқатар себептері бар. Бұған індеттен сақтану, оның алдын алу шараларының айтарлықтай жүргізілмеуі, әсіресе, Денсаулық сақтау министрлігінің індеттің алдын алуға дайын болмауы басты себеп болса, екінші жақтан халықтың бейқамдығы да дерттің дендеп кетуіне кең жол ашты. Әрине, бүкіл әлемді әлекке салған індеттің ерте ме, кеш пе, елімізді де ілмегіне іліндіретіні анық еді. Бірақ ол дәл қазіргідей өршіп кетеді деп ешкім де ойлаған жоқ. Себебі Қазақстанда жер кең, халық аз, індет қатты өршіген елдермен салыстырғанда, біздің елде халықтың орналасуы тым тығыз емес. Емдеу-денсаулық сақтау саласы да індеттің бетін қайтаруға қауқарлы деп сендік. Өкінерлігі, елдің денсаулық сақтау саласына да жемқорлық жайлағаны сондай, халық басында бетгүмша таппай тарықса, кейін сырқат жандарына батқанда дәрі таппай, емхана, жасанды тыныс алдыру аппараттары жетіспей қиналды. Қылар қайран қалмағанда, халық өздігінен ұйымдасып, ақша жинап, шетелден жасанды жолмен тыныс алу аппараттарын алғызып, оны емдеу орындарына таратып беруге мәжбүр болды. Ал бәрін бақылап отырған билік індетпен күресу үшін денсаулық сақтау саласына бөлген қаржысының қайда жұмсалғанын анықтай алмай әлек. Ал Қытайда «індет тарады» деген сыбыс шыққанда-ақ бейқамдыққа салынбай етек-жеңін жиып, сақтыққа көшкен елдерде індет жұқтырған және одан қайтыс болғандар саны тым аз тіркелді. Мұның мысалы ретінде Моңғолия, Вьетнам, Тайвань, Сингапур, Солтүстік Кореяны атауға болады. Әрине, «Қытайда індет тарады» деген кезде-ақ шекарасын жауып, халқын сыртқа аттап бастырмай қойған жабық ел – Солтүстік Кореяның жағдайы түсінікті. Ал қалған 4 ел қандай шара қолданып індеттің алдын алды? Енді осыған да қысқаша талдау жасап көрейік.

### ВЬЕТНАМ: ЕЛДЕН БҰРЫН ЕСКЕРДІ

Вьетнамда 97 миллион халық бар. Жер көлемі жағынан әлем бойынша 64-орында тұратын бұл елде халық Қазақстаннан әлдеқайда тығыз орналасқан. Бұл елде індет жұқтыру жағдайы 23 қаңтарда тіркелді. Қазірге дейін 384 адам індет жұқтырып, 267 адам сауығып шықты. Қайтыс болған адам жоқ. «Халқы тығыз орналасқан осы елде дүниені діңкелеткен дерттің тез азаюы – таңғаларлық жайт» деп австралиялық жұқпалы аурулар маманы Майк Тул айтқандай, Вьетнамның бұл жетістігі қазір бүкіл әлемнің назарын аударды.

2003 жылғы SARS індетінің таралуынан үлкен тәжірибе жинаған Вьетнамның індетті доғарудағы басты тәсіліне келсек, бұл ел Ухань-да індет тарала бастағанда оның өте қатерлі екенін, егер бұл дерт Вьетнамға тарап кетсе, елдің денсаулық сақтау саласы оны тоқтатуға қауқарсыз екенін айтып, халықты ерте сақтыққа шақырды. Сонымен қатар, ауру белгілері байқала қалса, дереу тексеріліп, төңірегіндегі адамдарға жұқтырудан абай болу жөнінде үгіт-насихатты күшейтіп, көптеген адамды оқшаулады. Індет жұқтырғандарды ерте анықтап, айналасындағы адамдарды ерте оқшаулау ел ішіндегі таралу мөлшерін азайтса, індет байқала салысымен халықаралық рейстерді тоқтатуы шетелден «импорттаатын» індеттің жолын кесті. Ең маңыздысы, Вьетнам Қытайда індет тарала бастағанда-ақ оны анықтайтын оңай әдістерді іздей бастады. Нәтижесінде АҚШ-тың өзінде COVID-ті анықтаудың бірде-бір құралы жоқ кезде, Вьетнамда індет жұқтырғандарды анықтаудың 3 түрлі құралы дайындалып қойған. Оның бағасы да өте арзан. Барлық адамға қолжетімді. Зертханалар санын да көбейтті. Мәселен, қаңтар айында бұл елде COVID-ті тез анықтайтын 3 зертхана болса, сәуір айында оның саны 112-ге жеткен. Сонымен қатар, «үйде болу» отаншылдық ретінде дәріптеліп, көшелерде антисептиктер тегін таралған. Бетгүмша тақпай сыртқа шыққандар қатаң жазаланған. Бар болғаны осы, әдіс-тәсілі қарапайым, бірақ өнімі көрнекті.

### МОҢҒОЛИЯ: КАРАНТИНГЕ ЕТІ ЕРТЕ ҮЙРЕНГЕН

Індет жұқтырған адам аз тіркелген, індеттен бірде-бір өлім-жітім жағдайы тіркелмеген елдің бірі – Моңғолия. Қытаймен көршілес отырған бұл ел де ерте сақтық шараларын жасады. Қаңтар айынан бастап шекарадан кіріп-шыққандарды хан демей, қара демей қатаң тексерді. Елде бірде-бір індет жағдайы тіркелмеген кездің өзінде Қытайға сапарлап барып келген өз президентерін 14 күнге карантинге жапқаны – соның айғағы. Мұнан да маңыздысы, Моңғолия халқының карантинге еті үйренген. Билік «карантин жарияланды, санитарлық талап сақталсын» деген бұйрық берсе, халқы биліктің айтқанына бағынып, сақтыққа көшеді. Себебі бұл ел – жұқпалы аурулар көп тіркелген елдің бірі. Әсіресе, кеміргіштерден жұғатын «бубон обасы» бұл елді дүркін-дүркін әурегe салып тұрады. Бұл обамен ауырған адамның ыстығы көтеріліп, бездері жарылады да, індет ауамен таралып, сол маңдағы ауыл-аймақ түгел қырылады. Кейбір деректерде Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары осы індетті жұқтырған суырды катапультамен дұшпанның қамалына атып қырған деген аңыз айтылады. «Бұл – бактериологиялық қару қолданудың алғашқы қарапайым да қатерлі нұсқасы» деп сөз қозғаған Моңғолиядан атажұртқа оралған журналист Асылбек Байтанұлы Моңғолияның коронавирустан тиянақты қорғануына «бубон обасының» «пайдасы» тигенін айтады. Моңғолияда әр аймақ орталығында обаға қарсы станса мекемесі құрылған. Оба белгісі сезіле салысымен сол аумақ, өлке, аймақ карантинге жабылып, қатаң тәртіпке көшіп, бағынбағандар қатал жазалады. Ауырған адам арнайы емделіп, жазылмай қаза болса, мәйіті өртеледі. Моңғолия халқының обадан қорқып бұйрыққа бағынатын осы әдеті COVID-19-дан сақтану шараларына да оң әсерін тигізді.

Жалпы, халықаралық қауымдастық Моңғолияның алдын алу шараларының өте тиімді болғанына оң бағасын беріп отыр. Дегенмен Қазақстанда індет күшейгелі моңғол ағайындардың да ұйқысы қашқан тәрізді. «Қазақ пен моңғол – бір текті халық. Азықтану, тұрмыстық дәстүріміз де жақын. Қазақстанда дендеген дерт Моңғолияны да айналып өтпейді. Сондықтан бүкіл Моңғолия халқы сақ болуы керек. Қуатты тамақ ішіп, иммунитетті көтерейік» деп қазірден бастап БАҚ арқылы үгіт-насихатты күшейтті дейді біз хабарласқан жергілікті қазақтар.

### ТАЙВАНЬ: ІНДЕТ ІЛІНБЕЙ ТҰРЫП ЗЕРТТЕУДІ БАСТАДЫ

Халықаралық қауымдастық «COVID-19-дан қорғануда ең өнімді тәсіл қолданған ел» деп оң бағасын беріп отырған елдің бірі – Тайвань. Тайваньның медицинасы орташа дамыған. Өткен жылдың соңында Қытайда белгісіз, өте қатерлі жұқпалы індет таралғанын, оның адамнан адамға жұғатынын, оны Қытай билігінің жасырып отырғанын айтып, әлемді сақтыққа шақырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына хат жазған – осы ел. Бірақ Қытайға бүйрегі бұрылған ДСҰ бұл ескертуді елеусіз қалдырғандықтан, бүкіл әлем індеттің ілмегіне ілінді.

24 миллион халқы бар Тайваньда қазірге дейін 455 адам індет жұқтырып, бақилық болған 7 адамнан басқа індет жұқтырғандардың барлығы сауығып, емханадан шықты. Тайвань өткен жылдың қараша, желтоқсан айынан бастап Қытайдан келген жолаушылардың денсаулығын тексере бастаса, қаңтар айында ДСҰ-ның қарсылығына қарамай, Қытайдан келетін рейстерді тоқтатып тастады. Індет жұқтырған жағдай тіркелген күннен бастап қатаң карантин енгізді. Елінде індет таралмай тұрып медициналық сақтану бұйымдарын дайындаған бұл елде бетгүмша, дәрі тапшылығы мүлде болған жоқ. Керісінше, көп елдерге дер кезінде бетгүмша, дәрі-дәрмек жеткізіп, әлем халқының індетпен күресуіне елеулі үлес қосты. Бетгүмша өндірісі, қазір денсаулық сақтау саласында қолданылып жүрген, вирустан қорғау өнімділігі 95 пайызға жететін N95 бетгүмшасы осы елде жасалған.

Бұдан бөлек, Сингапур да бастапқы кезде індетті тез тоқтатты. Бұл елде қазірге дейін 50 мыңға жуық адам індет жұқтырып, 27 адам көз жұмды. Мамандар бұл елде аурудың азаю себебін алдын алу шараларын ерте бастап, халықтың қатаң карантин талаптарын сақтағанымен байланыстырады.

Моңғолия, Вьетнам елдерінің тәжірибесін қарап отырып, біздің елде індеттің дендеуіне биліктің салғырттығы, денсаулық сақтау саласының іргемізде тарап жатқан індетке қарсы 3 ай бойы тиімді сақтану шарасын жасамағаны себеп болғанын анық аңғарамыз. Халықтың биліктің айтқанына сенбеуі мен бейқамдығы да эпидемиологиялық ахуалды ушықтырып жібергені де рас. Егер біздің денсаулық сақтау саласы өз шамасын дұрыс мөлшерлеп, Вьетнам сияқты халықты сақтыққа шақырып, жұрт ертерек сақтыққа көшкенде, көп шаңырақта қазіргідей қайғылы жағдай орын алмас па еді деп ойлайсың...



# АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ӨМІР СҮРУ ҚАҒИДАСЫ

*(Жалғасы. Басы газетіміздің №85 санында )*

### ЖЕТІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Жетінші сөз – Абайдың жан туралы толғанысы. Адам жаны мен хайуан жаны туралы түсінік.

Бала жаны білімге құмар келеді.

Ересек болғанда неге сол баланың «білсем деген» құмарлық қасиетін сөндіріп аламыз?

Ол жанның тамағы еді.

Біз тән сұранысын қамдап жүріп, жан тамағы туралы неге ұмытамыз? Біз сұраныш, ізденіп ғылым тапқандардан үлгі алып жан тамағын неге қамдамаймыз?

Бұл сөз – кез келген адамның, кез келген мемлекеттің даму, жетілу бағдарламасы десе боларлық сөз.

...Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?

Жанды тәнге билеткен жерде көкіректе сәуле сөнеді, көңілде сенім қалмайды дейді Абай данышпан.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...

Жанды тәнге билеткен жерде жүректегі «жылы жүрек» атты нәрсе оянбай қалатынын қазіргі заман адамдары дәлелдеп берді. Бұл қасиет, әсіресе, билік пен байлыққа қолы жеткендер жүрегінен тезірек жоғалатын секілді.

...Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда...

Жанды тәнге билетіп, надандығымызды желсөзділікпен бүркемелегенде, жылы жүрек мұздайды, көкірек сәуле шашпайды, көңілде сенім қалмайды дейді данышпан Абай.

...Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. ...білсек екенбіз деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

### СЕГІЗІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Сегізінші сөз – ерекше қасиетті сөз!

Өйткені бұл сөздегі Абай сынаған кейіпкерлерді барлық заман адамдары «бұлар – дәл біздің замандастарымыз» дейтініне сенімім мол.

...Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді...

Абай бұ кісілер туралы тек қана қара сөздерінде емес, өлең сөздерімен де толғанған екен.

Ойға түстім толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Өзіме өзім жақпадым...
...Көрінгенге қызықтым,
Ғаділетті жүректің
Әділетін бұзыппын;



Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін...

Өлеңдегі ой да, қара сөздегі ой да бір мақсатты.

Адам өміріне, қоғамға адамдық, ақыл, ғылым, білім секілді қасиеттердің берерін байлар бойына сіңіру үшін оқып, тоқып жатпайды. Өйткені байлар әлгілерді байлығымен сатып алады дейді.

Абай сөзін шындыққа шығарар бұ заманда мысалдары да жеткілікті.

Баста білімі болмаса да, сатып алған дипломы бар. О да өзін инженермін дей алады. Жүргізушінің куәлігі бар, бірақ машина жайын ұқпайды. Ел құрметі жоқ болса мейлі, сатып алған «құрметті азамат» атағы бар. Ел басқара алмаса несі бар, жауап берер орынбасары бар.

Абай кейіпкерлерінде ақылды кім үйренбейді, насихатты кім тыңдамайды? Алғашқылары болып болыс пен би аттары аталыпты. Солардың соңына ұры-залым мен сұм-сұрқия тіркеліпті.

«Қой жүнді қоңыршалар күнін көре алмай жүр. Білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ» деп назырқайды.

### ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Абайдың тоғызыншы сөзін оқығанда адам пенделерінің қылығына бола өкініштен Абайға жаның ашып кетеді. Бұл жерде Абай кісілігі бұл сөздегі торығу сөздері жалпы жерді екі аяқпен басып жүрген, саналы адам, Алланың өз қолымен жаратқан пенделеріне деген өкпеден туған.

Тек қана Абай адамдарды данышпандықпен, өз межесімен өлшеп, сонымен көргісі келеді. Абай дәрежесіне жете алмайтындар қалайша Абайша ойламақ?

Қалайша саналы тірліктен Абай өлшемімен өмір сүрмек?

Ол мүмкін емес...

Бірақ Абай адамдардан (тек қана қазақтардан емес) бұ жобасынан жоғарырақ тұғырда көргісі келеді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін.

Абай тек қана қазақ басындағы кемшіліктерді емес, жалпы адамзат басындағы келеңсіздіктерді түгел білген, таныған. Абайдың И.Крылов еңбектерін түгелге жуық аударуы, Ескендір патшаның көзіне құм құюы, Онегинді жүрегі сөнген адамды өз халқына танытуы соны аңғартады. Абайдың ащы сөздері тек қана қазақ халқының емес, жалпы адамзаттың еншісі. Адам пендесінің діни кітаптардағы, мектеп оқулықтарындағы, жазушылардың жағымды кейіпкерігі қылықтарды таба алмай торығуы.

Осы жол авторы да сондай бір толғану кезінде «Адамды Құдай жаратты дегенге сенейін десем, Құдайды аяймын, адам маймылдан жаралды дегенге сенейін десем, адамды аяймын» деген екен...

Адамдардың адамға тек бет пішінімен емес, жан-дүниесімен де ұқсап тұрғанына не жетсін...

Абай ізденеді. Ол жақсы адамдардың қандай болатынын көрмек болып, шет елдер мен жат жұрттарға сапар да етпек болады.

Бірақ ол өзінің ерекше жаратылған ақылымен жалпы адамзат проблемалары барлық жерде бірдей екенін байқаған да болар.

Содан барып сол ойды түсінікті ету үшін өлер кезде: «...эттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай аттана алады.

Абайдың барлық жазғаны, қайғысы, азап шектірері өзінің не Тобықтының қайғысы емес. Ол әлемдік дәрежеде ойлана отырып, толғанады. Қайғы-қасірет туралы сөз жазып отырып, өз басындағы батпандаған ауыр қайғыны есіне алмауы, сатқындық туралы ой толғап отырып, өзіне опасыздық еткен жандар туралы сөз кірістірмеуі... соның дәлелі...

### ОНЫНШЫ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Оныншы сөз – нағыз ұстаздар сөзі. Адамдар ұрпақ өсіруге міндетті, мүдделі. Құдай солай жаратқан.

Енді Абайдың оныншы сөзінен үзінділер алсақ:

...Біреулер Құдайдан бала тілейді...

...Тірлікте өзің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды?

...Картайғанда асырасын десең, о да – бір бос сөз. Әуелі – өзің қаруың қайтарлық картаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асыраршық болып туа ма? Үшінші – малың болса, кім асырамайды?

...Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – о да екі талай.

...Хош, Құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе?

...Әуелі, баланды өзің алдайсың.

Абай бұл еңбегінде ата-ананың балаға үйретер жаман қылықтарының бәрін теріп шығады.

Ата-анасы баласына біреу сені сатып кетеді деп, сенімсіздікке үйретеді дейді. Баланы небір күнәһарлыққа үйрететінін, қу бол, сұм бол деп, тіпті біреулерді боқтатып, тентектікке үйретіп жүретіндер әдетін сынға алады.

Сондай ойлыларға бала не үшін қажеттігін түсінбейді.

Бала атаның жаны десек, мал – адамның тәні. Бұл сөзінде де екеуі қабаттала айтылады.

Құдайдан мал тілейді, бергенін алмайды деп сөгеді. Мал табу үшін деннің саулығын берді, сананың ақылын берді. Осыларды орнына жұмсап, адал еңбек ету қажеттігін кім мал таппайды, кім бай болмайды дейді.

Ал мал тапқандарға, бай болғанға өкпесі бөлек. Малдың арқасында неге ғылым іздемейсің? Өзің болмасаң, сол малды жұмсап неге балаңа ғылым білдірмейсің?

### ОН БІРІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Бұл сөз – ұрлық пен бұзақылық туралы. Он бірінші сөзді оқып отырып, біздің заман мен Абай заманының айырмасы жоқ па деп қаласың.

Абай замандастарының аңқаулығы мен біздің заманның сайлаушыларында ешқандай айырма жоқ. Біз жай ғана сыпайы сынайтын болсақ, Абай батырыңқырап айтқан.

...Сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дайынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, Құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр...

Абайды осындайлар қатты қиналтады. Егер олар жоқ болса, бай малын бағып, кедей жоғын іздеп, талап пен тілеу үстінде бейбіт өмір сүрер ме еді дейді...

Ел осы екі бүлікter қылығымен әлекке түспек. Солардың дауымен өмір сүрмек.

Азамат анты мен сертінің, адам санасындағы адалдық атты қасиеттердің құнын сондай адамдар жоққа шығарып кете бермек пе?

Ұрыны да, бұзақыны да тыюға болар еді.

Соларға еретін байлар мен жоқ жерден байлық іздейтіндерді қалай тыюға болады? Бұл сұрақ шешімі табылмай келеді...

Абай, данышпан Абай сол сұраққа жауап таба алмайды...

### ОН ЕКІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Әлемдік тіршілік пен күнделікті тұрмыс мәселелері – Абай ойларының негізгі арқауы. Дегенмен Абай адам жанының рухани сұраныстарын да назардан тыс қалдырмаған. Жаратылыс барын, Жаратушы барын және оған құлшылық ету, ғибадатты болу қажеттілігін мақұлдаған.

Абай: «Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз» деп, шүкіршілік қылғандай болады. Бірақ Абай жүрекке жетпеген ғибадат пен біреуге еліктеген ғибадатшылыққа қарсы. Бұл сөзінде Абай ғибадат қылу мен ғибадатты болудың арасын анықтауға, халыққа түсінік беруге тырысқандай. Ғибадатты болу, ғибадатты болғанда да жүрекпен сезіне орындау қажеттілігін баса айтады. Әйтпесе оның хаққа жол еместігін түсіндірмекке ниеттенеді. Абай бұл тақырыпқа өз өлеңдерінде де көңіл бөлген екен.

Алла деген – сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.

Хаққа сену, жаратушыға табыну тек қана таза ынта арқылы, шынайы көңіл арқылы іске асыруды уағыздайды.

Абай: «Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды» дейді.

### ОН ҮШІНШІ СӨЗДІҢ АСТАРЫ

Он үшінші сөз мағынасына ой жүгірте отырып, біз Абайдың діни, адами болмысын байқағандай боламыз.

Абай имандылық жолындағы мұсылмандардың, адамгершілік жолындағы адамдардың өздері мойын ұсынған ақиқатына адалдығын талап етеді. Бұл қасиеттердің оңайлықпен жүрекке орнамасы белгілі. Бұл қасиеттер жүрекке махаббат болып егіліп, көңілге сенім болып орныққанша, қаншама уақыт шығындау керек, қаншама өмір сүру керек. Көргендерден қаншама тәлім, оқыған білім, естігеннен ғибрат алмақ керек. Абай сондай қасиетті жоғалтпау қажеттігін, әр адам өз ақиқатын қорғай білуін арман етеді. Өлім қатері де сол жолдан айныта алмайтындай сенім мен наным керек екендігін ескертеді. Бұл – барлық адал адамдардың, мұсылмандар ішіндегі сүннеттердің ұстанымы.

Сенім – адам қасиетінің негізі. Абай «қылыш үстінде серт жоқ» деген қағидаға қарсы. Ол мақалдың мұсылмандар үшін, ақиқат жолындағы адамдар үшін жат қылық екенін ескертеді. Осындай мақалдардың жасанды мінезді, жалған қылықты жандарды өмірге әкелерін пайымдап, олардың «жүзі құрсын» деп жазғырады.

Бұл сөзде тек қана сенімнің иман бола алмайтыны, иманды ұстап тұру үшін білім мен ғылым қажеттілігі түсіндіріледі.

**Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

*(Жалғасы бар)*

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың бұйрығымен Азат Көшербаев пен Михаил Чижик «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» медаліне ие болды. Батырларға медальді Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің бастығы Ержан Саденов табыс етті.**



17 шілде сағат 19.10-да қыз бала «Тұлпар» автокөлік көпірінен суға секіріп кеткен. Бақытына орай, осы уақытта екі жігіт – Азат Көшербаев пен Михаил Чижик жақын жерде жүргендіктен бұл оқиғаны көздерімен көрген. Сол жерде Азат Көшербаев бірінші болып суға секірген. Азат – биден сабақ беретін оқытушы, Қазақстан Республикасының спорт шебері, сол мезетте онлайн-сабақ өткізіп жатқан. Суда ағып бара жатқан қызды байқап қалып, жылдам малтып барған, артынша Михаил Чижик те жетіп үлгерген. Құтқарушылар келгенге дейін жігіттер есеңгіреп қалған қызды ұстап тұрған. Сонан соң құтқарушылар дәрігерлер келгенге дейін қызға медициналық және психологиялық көмек көрсеткен. Сондай-ақ «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» медалімен Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару отрядының құтқарушылары Қайрат Жүсіпов пен Жігер Темірәліұлы да марапатталды.

# РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕНДІ

**Карантин режимі тоқтатылғаннан кейін елорда тұрғындары мен қонақтары белгіленген орындарда ғана суға түсе алады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі мәлім етті.**

«Бүгінгі таңда елордада комиссия тексеруінің қорытындысы бойынша халыққа арналған 23 шомылу орны белгіленді. Олардың әзірге үшеуіне суға шомылуға рұқсат етілген. Олар: Орталық жағажай, «Три пескаря» мен «Столичный двор» демалыс орны. Карантин режимі тоқтатылғаннан кейін елорда тұрғындары мен қонақтары көрсетілген осы орындарда ғана суға түсе алады. Қалған 20 орында қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 12 желтоқсандағы шешімінің 8-тармағына сәйкес шомылуға тыйым салынады. Бүгінгі таңда алдын ала анықталған қаланың төрт аударнында, атап айтқанда, Алматы – 3, Байқоңыр – 1, Есіл – 3, Сарыарқа – 3 тегін коммуналдық жағажайларды ашу мәселесі пысықталуда» деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметінен.

«9 мамырдан бастап қала аумағында әкімдікпен бірге 146 тыйым салу белгісі, 20 ақпараттық стенд, 20 қалқымалы сүбелгі орнатылған. 14 қайық пен сүңгуірлер тобы кезекшілікте жүр. «Осылайша Нұр-Сұлтан қалалық Төтенше жағдайлар департаменті мен Полиция департаментінің қызметкерлері, «Астана жастары», «Қызыл крест», «Жас Отан» еріктілері 842 адамның қатысуымен 271 рейд өткізген. Осы жұмыстардың арқасында суға түсу ережелерін бұзғаны үшін 80 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Қала мектептерінде 3250 оқушыны қамтыған 5 интерактивті сабақ өткізілді, 5690 үнпарақ пен брошюра таратылды» деп атап өтті баспасөз қызметінен.

# САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР ҚАЛАЙ САҚТАЛУДА?

**Елорданың Полиция департаментінің қызметкерлері маскаларды міндетті түрде кию және жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы азаматтармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Прокуратура, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және полиция қызметкерлерінен тұратын бақылау топтары құрылды.**

Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті Есіл аудандық полиция басқармасының бастығы Мадияр Айтуғановтың айтуынша, мониторинг тобы Ботаникалық баққа барып, онда демалып жүрген азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, халықты Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері белгілеген санитарлық нормалар мен талаптарға сай ережелерді сақтауға шақырды. «Бірінші кезекте егер біз азаматтардың тәртіпке әдейі мойынсұнбайтынын көрсек немесе сол заң бұзушылықтар бойынша азаматтар қайтадан ұсталса, тиісті хаттама толтырылады. Азаматтардың негізгі бөлігі түсіндіру жұмыстарына түсіністікпен қарайды. Бірақ бұл шаралар халықтың өз қауіпсіздігі үшін жасалатынын түсінбейтіндер де бар» деген ол карантин режимін сақтамағаны үшін жеке тұлғаларға 30 АЕК (83340 теңге), заңды тұлғаларға 230 АЕК (638940 теңге) айыппұл салынатынын ескертті.





**Мемлекет басшысының дәрілік заттардың алыпсатарлық фактілерінің жолын кесу бойынша тапсырмасын орындау аясында Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының үйлестіруімен прокуратура, полиция, экономикалық тергеу, мемлекеттік кірістер және фармацевтикалық бақылау департаменттері қызметкерлерінің есебінен мобильді топтар құрылған.**

# ДӘРІ-ДӘРМЕКТІ ҚЫМБАТТАТҚАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

Нұр-Сұлтан қалалық прокуратурасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, әлеуметтік желілерде орналастырылған хабарламаларға мониторинг нәтижелерімен жеке тұлғалардың дәрілік заттарды заңсыз қайта сатудың 41 фактісі және дәрілік заттарды дәріханаларда жоғарылатылған бағамен сатудың 10 фактісі анықталған.

Айналымнан барлығы 17,5 млн теңгеден астам сомаға тәркіленуге жататын дәрілік және басқа да медициналық заттардың 4625 қаптамасы алынып, кінәлі тұлғаларға қатысты құжаттар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органға жолданған. 4 факт бойынша кінәлілер айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қалған құжаттар сотқа жолдау үшін әзірленуде.

# БІР ӨЗІ 351 РЕТ ЕРЕЖЕ БҰЗҒАН

**Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері 351 рет ереже бұзған көлік жүргізушісін ұстады. Ұсталған жігіт Қырғыз Республикасының азаматы болып шықты.**

«Есіл аудандық полиция басқармасының такси жүргізушілерінің бірі жүгініп, Тұран даңғылының бойымен «Subaru Outback» маркалы автокөліктің күнде жол ережесін өрескел бұзатынын хабарлады. Полиция қызметкерлері тергеуді бастап, аталмыш көлікті жүргізген Қырғызстан азаматын ұстады. «Сергек» камераларын зерттеу барысында оның жол жүру ережесін 351 рет бұзғаны анықталды. Ол 77 рет қоғамдық көліктің жолына шығып кетсе, 274 рет жылдамдық режимін арттырған. Қала ішінде кейде сағатына 142 шақырыммен жүрген. Жүргізушіге жалпы сомасы 7 млн теңге айыппұл салынды» деп хабарлайды қалалық Полиция департаменті. «Subaru Outback» маркалы автокөлік коммуналдық тұраққа қойылған. Себебі стандартқа сай келмейтін бәсеңдеткішті қойып, ол жігіт автокөлігін қайта құрылымдап алған.

## ЗАҢГЕР КЕҢЕСІ

Жадыра ШАМҰРАТОВА

### ДЕКРЕТТІК ДЕМАЛЫСТАН СОҢ КЕЛІСІМШАРТ БҰЗЫЛМАЙ МА?



Оқырмандар сауалдарына «Elorda Aqparat» ЖШС заңгері **Әсет ҚАЙЫРХАН** жауап береді.

**– Заңгер мырза, сізден белгілі бір мерзімге еңбек шартын жасасу туралы мәселені егжей-тегжейлі түсіндіруді сұраймын. Жұмыс берушімен 2017 жылдың 10 сәуірінде 1 жылға белгілі бір мерзімге келісім жасалды, содан кейін ол мерзім ұзартылды. 2018 жылдың маусымында мен декреттік демалысқа шықтым, содан кейін 3 жасқа дейінгі бала күтімімен отыруға өтініш бердім. Мен декреттік демалыста болған кезде, еңбек шарты осы мерзімге екінші рет 10.04.2020 жылға дейін қосымша келісім жасалды. Жұмыс беруші Еңбек кодексінің 51-бабына сілтеме жасай отырып, декреттік демалыс аяқталғаннан кейін менімен келісімшартты бұзуы мүмкін бе?**

**Айгүл ИБРАГИМОВА, елорда тұрғыны**

*– Бұл мәселе – еңбек шартын ұзарту мерзімі сіз бен жұмыс беруші арасында жасалған қосымша келісімде қалай жазылғанына байланысты деп санаймыз. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 51-бабы 2-тармағына сәйкес, жұмыс беруші еңбек шартының мерзімін бала күтімімен отырған ата-ананың демалысы аяқталған күнге дейін ұзартуға міндетті екендігіне назар аударамыз. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 30-бабына сәйкес, белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты екі реттен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Егер еңбек қатынастары жалғасса, еңбек шарты белгісіз мерзімге жасалған болып саналады. Осылайша, егер сіздің келісіміңізде келісімшарттың мерзімі дәл сол мерзімге кем дегенде бір жылға ұзартылды деп жазылған болса және қосымша келісімде көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталған болса, онда сіздің еңбек келісімшартыңыз белгісіз мерзімге ұзартылды деп санаймыз.*

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Қоғамдағы жастардың алатын орны ерекше екені белгілі. Себебі жастар – әрбір елдің мәдени, рухани және саяси өміріне белсенді атсалысатын әлеуметтік-демографиялық топ.**



Қазақ қоғамында жастарға ежелден ерекше сеніммен қараған. Бүгінгі жастың ертеңгі ел ағасы болатынын естен шығармаған аға буын өкілдері тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз бала тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзесе керек. Өмірге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтып ұйықтатудың өзі бала тәрбиесіндегі алғашқы қадамдар болып есептелген.

С.Сейфуллин қалдырған «Келіншектің бесік жыры» нұсқасында көрсетілгендей:

*«Жақсы болып ержетсе,*
*Балапаны бөпесі,*
*Бағы ашылып, анасы,*
*Көкке тиер төбесі...*
*Әлди-әлди, балашым!*
*Ұйықтатайын тербетіп.*
*Тілегім сен, құлыным,*
*Үміт ақта ержетіп!»* деп жырлаған ана сәбиінің болашақта жақсы адам болатынына сеніммен қараған.

Бала күнінен бастап ұлттың дәстүрлі құндылықтарын бойына сіңіріп, халық ауыз әдебиеті жауһарларына қанығып өскен бала ержеткенде ұлттың алдындағы жауапкершілікті сезінетін, еліне тұтқа болатын тұлғаға айналған.

Өкінішке қарай, қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы жастар тәрбиесі мәселесінде ұрпақ сабақтастығының әлсірегені байқалады. Атасы мен әжесінің құшағында емес, ғаламтордың шырмауында өскен кейінгі жас буын өкілдері әлеуметтік желінің кесірінен ұлт табиғатына жат мәдениетті санасына сіңіріп, түрлі ағымдар мен субмәдениеттер өкілдері пір тұтып өсіп келе жатқаны жасырын емес.

Соңғы 15-20 жыл аралығында қоғамда болып жатқан жаһандану сипатындағы өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі рухани ұстанымдарды әлсіретіп, ананың сүтімен беріліп, салт-дәстүрмен орныққан ұлттық құндылықтарды өзгеріске ұшырата бастады. Ертеректе қазақ қоғамы қабылдамайтын жағымсыз көріністер бүгінде үйреншікті нәрсеге айналуда.

Осыған орай, жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Қоғамдағы жастар тәрбиесі – мемлекет деңгейіндегі маңызды мәселелердің бірі. Себебі мемлекеттің жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі екені белгілі.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек» деп атап көрсетті.

Жастарды рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды реттеу мәселелері «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285 заңында нақты көрсетілген.

Жастарды кешенді қолдау мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 13 қарашадағы Жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды.

Мемлекеттік жастар саясаты жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен ғана шектелмей, азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар мәдени, имандылық және рухани құндылықтар, сондай-ақ ұрпақ сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы қағидаттарына негізделген.

Еліміздің болашақ дамуына үлес қосуға қабілетті және жауапты, белсенді өмірлік көзқарасы бар жастарды тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту үлкен еңбекті қажет етеді.

Осыған сәйкес, жастар тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі тарихымыздың тереңінен бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың рухани құндылықтарын негізге алу болып табылады. Отанын сүйетін, тарихымен мақтана алатын, тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын, дәстүрін сыйлайтын жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Тек сонда ғана ертеңгі күні еліне қорған болатын, жаһандану заманында ұлтының шырағын сөндірмейтін, тілінің құрып кетуіне жол бермейтін, жасампаз елінің жаңа тарихын жасайтын ұлт көшбасшыларының шығары сөзсіз.

Әрбір ата-ана, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелері бүгінгі балалар және жастар тәрбиесінің жауапкершілігін түсініп, оған ертеңгі мемлекеттілігіміздің берік іргетасы ретінде қарауы керек.

Егер біз тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз баянды болсын десек, «еркениеттер қақтығысында» жұтылып кетпей, өзіндік бірегейлігімізді сақтап қаламыз десек, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет.

Осы мақсатта баланы жас кезінен ұлттық құндылықтарға сәйкес, болашақ тұлға ретінде тәрбиелеу үшін қолда бар құралдар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Атап айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғаламтор желісіндегі өзге зиянды ақпараттардан назарын бұру мақсатында олардың қызығушылығын туғызатын пайдалы бейнероликтер, танымдық ойындар мен бағдарламаларды ұсынатын интернет-ресурстарын жасақтау қажет.

Себебі бүгінде ғаламтор желісіндегі күмәнді ресурстар балалар мен жасөспірімдердің санасына кері әсерін тигізуде. Алдына қойған айқын мақсаты жоқ, өмір сүруге құлықсыз, ештеңеге қызықпайтын кейбір жастар өкілдерінің арасында түрлі қылмыс жасау мен өз-өзіне қол салу фактілерінің жиі кездесетіні рас.

ҚР ІІМ мәліметіне сәйкес соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицид идеяларын насихаттайтын және оны жасаудың жолдарын көрсететін топтар көбеюде. Ал жастардың еліктегіш келетінін ескерсек, олардың назарының ауып, аталған топтардың тұзағына ілініп қалу қаупі алаңдатады.

Аталған мәселелер жастар тәрбиесіндегі дәстүрлі рухани құндылықтардың жетіспейтіндігін көрсетеді. Ата-ана мен қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне жете көңіл бөлінбеуде және тәрбие жұмысында дәстүрлі ұлттық құндылықтар тиісті деңгейде қолданылмайды.

Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы үшін тек білімді жастарды өсіру аздық етеді, бойына рухани құндылықтарды дарыта білген жас буын өкілдерін тәрбиелеп шығарғанда ғана Қазақ елі ғасырлар белесінен сүрінбей өтетіні хақ. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін ұмытпайық.

**Қ. БЕЙСЕНҒАЗИН,**
**Нұр-Сұлтан қаласы**
**Дін мәселелерін зерттеу орталығының қызметкері**



# ДІН МЕН ДӘСТҮР

**Көптеген ғасырлар бойы Қазақ елінің өзіндік ерекше әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қалыптасты. Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Салт-дәстүр дегеніміз — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.**

Ұлы дала дәстүрлеріне таңғалған орыс және шетел саяхатшылары өз еңбектерінде жазып қалдырған. Мәселен, поляк зерттеушісі Адольф Янушкевич «Қазақтың ойлау қабілетінің кереметтігіне барған сайын көзім жетті. Әр қазақ өз шаруасын жете түсіндіреді. Тіпті балаларының ақылы ерте толысады. ...Бірнеше күн бұрын өзара дауласқан екі партияның қақтығысына куә болдым. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы өмірі естімеген шешендерге таңғалып, қол соққанмын. Сонда бұлар тағы, жабайы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес».

Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, ас қайыру, көрімдік, көрші ақысы, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, т. б. салт-дәстүрге жатады. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым – бәрі осы салт-дәстүр көрінісі. Салт-дәстүрлі ел мықты әрі тұғыры берік ел болып саналады. Дәстүр мен діннің сабақтасуын қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен, шығармаларынан, өнерінен, Құран мен сүннеттің рөлінен байқауға болады. Қазақ даласында дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, т. б. ойшылдардың, ақын-жыраулардың шығармаларында діни құндылықтар толғаулары кездеседі. Мәселен:

*«Мұсылман үшін бұл дүние түнек,*
*Күдер үз, қайырым іздеме жүдеп» (Ж.Баласағұн);*

*«Ұлымын деп менменсінбе,*
*Тәңірі ғана тек ұлы» (А.Иүгінеки);*

*«Тәңірім сөзі – Фұрқанды айт,*
*Кәләм Алла – Құранды айт.*
*Тәңірім салса аузыңа,*
*Жан жолдасың – иманды айт» (Бұқар жырау).*

Сонымен қатар ежелден келе жатқан бата сұрау дәстүрі – асыл дініміз исламнан алынған амалдардың бірі. Елімізде «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас» деген нақыл сөздер бар.

Қазақ дүниетанымында ізет пен құрметке ерекше мән береді. Сол қазақы дәстүрдің бірін құраған кішіпейілдіктің көрінісі іспетті амалдардың бірі – келіннің сәлем салуы. Әрбір амал ниетке байланысты, ал құрметтеу ниетімен сәлем салудың рукуғ немесе сәждеге жығылумен бір еместігі, табыну ниетінде жасалмағандықтан, Аллаға серік қосумен мүлде байланыспайтыны айдан анық. Беташар – ислам дінінде болмағанмен, ислам шариғатына қайшы келмейтін салт-дәстүр. Беташарда келін халыққа құрмет ретінде иіліп сәлем береді.

Қазіргі таңда деструктивті ағымдардың қазақ халқын адасушы деп санауының алғашқы себебі – Қазақ елінің діні мен дәстүрінің біте қайнасып дамығандығын білмегендігінен. Көптеген діннен бастау алатын немесе шариғатқа қарсы келмейтін салт-дәстүрлерімізбен, әдет-ғұрыптарымызға қарсы шығып жүрген бауырларымыз бар. Атақты батырымыз Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен солдаттың басында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазды. Яғни дін мен дәстүрден құралған мәдениетімізді, тарихымызды білу арқылы біз кез келген, өз заманына сай болған жамандықтарға тойтарыс бере аламыз.

**Ерхан ЫБЫШЕВ**

№86 (4055) 23 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

*(Жалғасы. Басы газеттің №85 (4054) санында)*

*Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.*

| Кезек нөмірі | Тегі | Аты | Әкесінің аты | Кезекке қойылған күні | Санат |
|---|---|---|---|---|---|
| 15149 | АМАНГЕЛЬДИЕВ | АСЕТ | БАЛАТБАЙУЛЫ | 29.01.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15150 | СЕЙТКАЛИЕВА | ДИНАРА | КОЙШИБАЕВНА | 29.01.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15151 | ДЮСЕМБАЕВА | АНЖЕЛИКА | ЕВГЕНЬЕВНА | 29.01.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15152 | ЖАКАЕВА | ДИНАРА | БАБАЕВНА | 29.01.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15153 | ДАУТОВА | АЛТЫН | НАЗАРОВНА | 29.01.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15154 | УТЕЛЬБАЕВА | КАЛДЫКУЛЬ | КУДАЙБЕРГЕНОВНА | 02.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15155 | АБДЫКАЛЫКОВ | КАЙЫРКЕШ | КУЗЕМБАЕВИЧ | 02.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15156 | ГАСЫМОВ | АЙДЫН | МАГЕРРАМ ОГЛЫ | 02.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15157 | ИБРАЕВА | АЙЫМГУЛЬ | | 02.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15158 | ЖУМАБАЕВА | АНАРА | БЕЙСЕНБАЕВНА | 02.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15159 | ШАЛКАРБАЕВА | РИМКУЛЬ | УТЫШЕВНА | 02.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15160 | ТЕМИРГАЛИЕВА | ЖУЛДЫЗ | БОЛАТОВНА | 02.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15161 | ШОКОЕВА | ЖАЗИРА | ЕРМЕКОВНА | 02.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15162 | КАЛИЕВА | ЖАНАРА | ЕСКЕНОВНА | 02.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15163 | ЖАНАЛИНОВА | ГУЛЬНАРА | КАЗИЗОВНА | 05.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15164 | САГАТОВА | КЫМБАТ | ДУЛАТОВНА | 05.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15165 | САГИНДИКОВА | РЫСКУЛ | | 08.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15166 | БЕЙСБЕКОВА | АЯГОЗ | ЖАНБОЛАТОВНА | 08.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15167 | НИКОЛЬЧЕНКО | ЕЛЕНА | ЕВГЕНЬЕВНА | 08.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15168 | ЖАГЫПАРОВ | РУСТЕМ | ХАДЫЛБЕКОВИЧ | 08.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15169 | ДЕРБИСБЕКОВА | АЙГУЛЬ | КОЙШЫБЕКОВНА | 08.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15170 | АКЫЛБАЕВ | ЕЛЮБАЙ | БОРАНБАЕВИЧ | 08.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15171 | ШАРИПБАЕВА | НИГОРА | ТОЙЧИБАЕВНА | 09.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15172 | АБЕНОВА | ФАРИДА | БЕКЖАНОВНА | 09.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15173 | ЕСЕНКУЛОВА | АСЕМ | АЛИБИЕВНА | 09.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15174 | КОЗБАЕВ | МУРАТ | КЕНЕСТАНОВИЧ | 09.02.2018 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 15175 | АХМЕТОВА | АЙНУР | АЛШЫНБАЕВНА | 09.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15176 | МОХАММАДИ | АРИФА | Х.М.ХОСАИН | 09.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15177 | ЛЕСПЕКОВА | ГУЛЬЗАДА | ШЕРМАТОВНА | 09.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15178 | ЖУМАТАЕВА | БАХЫТГУЛЬ | ЖОРЛАКАНОВНА | 09.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15179 | ІЗБАСАР | АЙГҮЛ | ХАЙРХАНҚЫЗЫ | 11.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15180 | АХМИРОВА | ГУЛЬДИЯНА | | 12.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15181 | ЧУНЧАЛИНОВА | ЖАНАР | ЖАПАРОВНА | 12.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15182 | ТЕБАЕВ | ДАНИЯР | БОЛАТОВИЧ | 13.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15183 | БАБЧЕНКО | ЮЛИЯ | ВАСИЛЬЕВНА | 13.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15184 | ТУЛЕГЕНОВА | АСЫЛЫМ | ОРАЗБЕКОВНА | 13.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15185 | НАЙМУШИНА | НАТАЛЬЯ | ЛЕОНИДОВНА | 14.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15186 | МАТЕРШОВА | АНАСТАСИЯ | НИКОЛАЕВНА | 14.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15187 | ЕГІЗБАЕВА | АҚБАЯН | НҰРҒАБЫЛҚЫЗЫ | 14.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15188 | АУГАЛИЕВА | ХАДИША | ШАКИМОВНА | 16.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15189 | КОРЖЫКОВА | КАМИЛА | ХАЛЫКОВНА | 16.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15190 | КУТЫХАЕВА | ДЖАНАРА | АДИЛХАНОВНА | 16.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15191 | УАЛИЕВА | АЙГЕРИМ | АМАНГЕЛЬДИЕВНА | 16.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15192 | ИБРАЕВ | ДАНИЯР | КАЛИЕВИЧ | 16.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15193 | АБЕНОВА | АСЕЛЬ | СЕРИКОВНА | 16.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15194 | БИСЕНБАЕВА | АЙГЕРІМ | | 16.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15195 | БАРЖАКСИН | ТЕМИРХАН | КАМАШЕВИЧ | 19.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15196 | МУХАМЕДЖАНОВА | ОРЫНБАСАР | КАБДЕНОВНА | 19.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15197 | КАУСОВА | АСЕЛЬ | АХАТОВНА | 19.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15198 | НУРМАГАНБЕТОВА | БАЛКИЯ | САГИЕВНА | 20.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15199 | РЗАЕВ | БАХТИЯР | ТЕМИРБЕКОВИЧ | 20.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15200 | КАЛНИЯЗОВА | САНИЯ | ЖУМАГУЛОВНА | 21.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15201 | СУЛЕЙМЕНОВ | АЛИБЕК | КАМИДУЛЛАЕВИЧ | 21.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15202 | ИСМАИЛОВА | ЛАЛА | НУРЛАНОВНА | 21.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15203 | ХАЛИЛОВА | ЛЕЙЛА | ХАЛДЫБАЕВНА | 23.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15204 | КАЛЖАНОВА | ЛАЗЗАТ | АЙДАРОВНА | 23.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15205 | КОШКАРАЛИЕВА | АЙНУР | КАСАБОЛАТОВНА | 23.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15206 | АКИМОВА | САЙРАН | ЖАНАХМЕТОВНА | 23.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15207 | КИРИЛОВА | ЛЮБОВЬ | АЛЕКСЕЕВНА | 23.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15208 | ӘБИБІЛЛА | АҚЕРКЕ | БАЛТАБАЙҚЫЗЫ | 23.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15209 | АБДРАХМАНОВ | МЕРИКЕ | КАКИБАЕВИЧ | 26.02.2018 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 15210 | МАУЛИНБЕРДИНОВА | ШОЛПАН | | 26.02.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15211 | МУКУШЕВА | МАНАР | КЕНЖЕБАЕВНА | 26.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15212 | НУРБЕКОВА | АЙМАН | ХАФИЗОВНА | 26.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15213 | СЕЙТЖАНОВА | ШАЙЗАТ | РЫСБЕКОВНА | 26.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15214 | ИБРАИМОВА | АЙГУЛЬ | КАКАШЕВНА | 26.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15215 | ЧЕБОТАРЬ | ДАРЬЯ | ВАЛЕРЬЕВНА | 26.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15216 | АРИНОВ | СЕРИККАЛИ | | 26.02.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15217 | ШОЙБЕКОВА | ЖАНАТ | ДИХАНБАЕВНА | 26.02.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15218 | ҮЙРЕНІШБЕКҚЫЗЫ | АРАЙ | | 26.02.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15219 | КАЧАЛОВА | ОЛЕСЯ | ЕВГЕНЬЕВНА | 01.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15220 | КАИРБЕКОВА | ЖАНАР | ДЖАМБУЛОВНА | 01.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15221 | САРСЕКЕЕВА | ГУЛЬШАРА | ЖАКСЫЛЫКОВНА | 01.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15222 | КУЛМАНОВА | САУЛЕ | АМАНГЕЛЬДЫЕВНА | 01.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15223 | БАЗАРОВ | КАСМКАН | ЗИНОВЕЕВИЧ | 01.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15224 | ТЯН | ВАЛЕРИЯ | | 02.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15225 | ТУРУМОВА | ГУЛЬЖАН | КАЗБЕКОВНА | 02.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15226 | БОНДАРЕНКО | МАРИНА | НИКОЛАЕВНА | 02.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15227 | КИЙКБАЕВ | САДУАКАС | ДАБЫСОВИЧ | 02.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15228 | МҰХАМЕДЖАН | АНАР | ҚАЛМАҒАНБЕТҚЫЗЫ | 03.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15229 | АСКАРОВА | МАХХАБАТ | САБЫРОВНА | 03.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15230 | АХМЕТОВА | ГУЛЬНАЗ | АМАНГЕЛЬДИНОВНА | 03.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15231 | КАИРЖАНОВА | КАМИЛА | СЕРЕКБАЕВНА | 03.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15232 | МУХАМБЕТЖАНОВ | ТУРЕХАН | КАМБАРОВИЧ | 03.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15233 | ТУКЕНТАЕВА | ГУЛЬБАНУ | МАЖИТОВНА | 03.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15234 | АХМЕТОВА | ЖАННА | АМАНГЕЛЬДЫЕВНА | 03.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15235 | КАБАЕВА | АЙГЕРИМ | ЖАНБОТАЕВНА | 03.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15236 | ЯЩЕНКО | МАРАШ | ГАЛИОЛЛИНОВНА | 03.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15237 | САПАРБЕКОВА | ГУЛЬМИРА | АКЖАНОВНА | 03.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15238 | АМРИНА | АЙТЖАМАЛ | КУНАНБАЕВНА | 03.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15239 | РҮСТЕМОВА | ҰЛЗАДА | ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ | 03.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15240 | ОЛЖАБАЕВА | САУЛЕ | МАЖЕНОВНА | 03.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15241 | КАСЫМОВА | ЖАНАР | ЖАНКЕЛЬДИНОВНА | 03.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15242 | СМАГУЛОВА | ГУЛЬНАРА | КЕМЕЛБЕКОВНА | 03.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15243 | ЕСЕНҒАБЫЛ | АЛТЫНАЙ | БОЛАТҚЫЗЫ | 03.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15244 | ЕСИМОВА | БИБИГУЛЬ | КАИРГЕЛЬДИНОВНА | 03.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15245 | ДАРИБАЕВ | АБДУМАНАП | САУРАНБАЕВИЧ | 05.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15246 | АНДЫБАЕВА | ДИНАРА | АБДУЛЛАЕВНА | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15247 | ШӘМЕТОВА | ӘСИЯ | ҚАЙРАТҚЫЗЫ | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15248 | КАСИМОВА | АЙНАГУЛЬ | ЕРХАНОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15249 | НУРГАЛИЕВА | САНДУГАШ | МАРАТОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15250 | АЛМАТЫ | СҰЛТАН | БАҚТЫКЕЛДІҰЛЫ | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15251 | КЕМЕШОВА | ЖАНАР | СЕРИККАЛИЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15252 | СЕЙДАХМЕТОВА | АЛМА | ЕРИКОВНА | 05.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15253 | ЖУМАГАЛИЕВА | ЛИЗЗА | АЛМУХАНОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15254 | КУРМАНГАЛИЕВ | ЕРКЕБУЛАН | УАЛИЕВИЧ | 05.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15255 | СОПЫЖАНОВА | ДАНА | БОРАНҚЫЗЫ | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15256 | ЖАКУПОВ | НУРДАУЛЕТ | АРЫНОВИЧ | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15257 | ДОСАЕВ | ДІНМҰХАМЕД | ТАЛҒАТҰЛЫ | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15258 | ХАСАНОВА | БАХЫТ | АРЫСТАНОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15259 | МУКАНОВА | НАЗИРА | АСЫЛХАНОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15260 | ЖУЗБАЕВ | АМАНТАЙ | УТЮБАЕВИЧ | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15261 | ШӘРІПБЕК | САУЛЕ | АЙТПАЙҚЫЗЫ | 05.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15262 | МУРЗАГАЛИНА | АНАСТАСИЯ | ИВАНОВНА | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15263 | ЕРМЕК | ЖАЙНАГУЛЬ | ЕРИНБЕКОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15264 | ДЖУМАБЕКОВА | МЕРУЕРТ | ДІНМУХАНБЕТҚЫЗЫ | 05.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15265 | ЖУМАБАЕВА | БАЗАРКУЛ | ТЕМИРБАЕВНА | 05.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15266 | МЫРЗАТАЕВА | ДАНА | МАРАТОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15267 | РАМАЗАНОВА | ГУЛЬНАЗ | СМАГУЛОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15268 | РОМАНОВА | ОЛЬГА | АНАТОЛЬЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15269 | БОЛАТБЕК | МЕКЕН | БОЛАТБЕКҰЛЫ | 05.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15270 | ОРУЗБАЕВА | ЖАННА | ЕРГАЗЫЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15271 | НЕЧИТАЙЛО | АРТЕМ | ИГОРЕВИЧ | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15272 | ТЕМИРБЕКОВА | АЙГЕРИМ | ТАЛГАТОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15273 | ЕРМУХАМБЕТ | ГУЛЬФИЯ | ГАНИБАТОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15274 | УТЕТЛЕВА | ГУЛЬМИРА | АЛЕКСАНДРОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15275 | ТУРАКТИНА | АКМАРАЛ | МАДЕЛХАНОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15276 | АКЫЛБАЕВА | АЙЗАТ | БОКЕНЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15277 | МАМЫРБАЕВА | ТУМАР | | 05.03.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15278 | НУГЫМАНОВА | АИЗАТ | ЖУМАГАЛИЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15279 | ТЮЛЕМИСОВА | САЙРАШ | ЖАМИЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15280 | ЕРГЕШЕВА | ДИЛДАР | ХАЙРУЛЛАЕВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15281 | КАРИБАЕВА | БАКЫТКУЛЬ | | 05.03.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15282 | КУЛЬЖАБАЕВА | ЖАНЕЛЬ | КАЙРАТОВНА | 05.03.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15283 | АХМЕТОВА | АСЕЛЬ | СЕРИКОВНА | 05.03.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
